Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айының 1-аптасы**

**Топ:** Орта топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Қандай кезеңге жасалды :** 01.12 – 05.12.2025ж
***Апта дәйексөзі: «Татулық пен бірлік-елдің күшті іргетасы»***

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** ***«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранынорындау.*** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | ***Күй күмбірі – баланы ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу. «Әсем қоңыр»*** | ***Күй күмбірі – ұлттық құндылықты құрметтеуге үйрету. «Серпер»*** | ***Күй күмбірі – баланы ұлттық өнермен қарсы алу, рухани байлыққа жетелеу. «Ата толғауы»*** | ***Күй күмбірі – баланың жүрегіне ұлттық тәрбие ұялату.*** ***«Әке толғауы»*** | ***Күй күмбірі –тіл мен дәстүрге құрмет қалыптастырады.*** ***«Балалық шақ»*** |
| | *Балаларды есік алдында күлімсіреп қарсы алу. Баланың көңіл-күйін бақылау (қуанышты, мазасыз, ұйқышыл т.б.). Баланы шағын топпен ойнауға тарту.* | *Баланы қуыршақпен немесе ойыншық аюмен қарсы алу. Киімін шешуге көмектесу. Жұмсақ кілемшенің үстінде тыныш ойынға шақыру.* | *Баланы қолынан ұстап, топқа бірге кіргізу. Пазлдың қарапайым бөліктерін беру. Жанында отырып, «сенің орның осында» деп сенімділік беру. Қысқа әуен қосып, көңілін көтеру.* | *Таңғы жылы амандасу Баланы топ бұрыштарына (кітап, сурет салу, құрастыру) еркін орналастыру. Баланың эмоционалды жағдайына ерекше назар аудару.* | *Баланы «Сиқырлы қорапшамен» қарсы алу (ішінен ойыншық таңдату). Таңдаған ойыншығын беріп, көңілін бөлу. Баланы қасында отырып, жай әңгімеге тарту.* |
| Ата-аналармен немесе баланың | ***Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *Әдептілік пен* | ***Әңгіме:*** *Мейірімділік* | ***Әңгіме:*** *Тәртіп –* | ***Әңгіме:*** *Тәртіп –* | ***Әңгіме:*** *Қамқорлық –* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *сыпайылық – баланың адамгершілігінің айнасы. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу – тәрбиенің негізі.* ***Кеңес:*** *Балаңызды «Рахмет», «Кешір», «Өтінемін» деген сыпайы сөздерді қолдануға дағдыландырыңыз. Бұл – изеттілік пен әділ қарым-қатынасты қалыптастырады.* | *– адамдарды жақындастыратын ең асыл қасиет. Мейірімді бала айналасына қуаныш сыйлайды.* ***Кеңес:*** *Балаңызды ойыншықпен бөлісуге, достарына көмектесуге үйретіңіз. Бұл – мейірімділік пен жанашырлықты қалыптастырады.* | *тәрбиенің негізі. Тәртіпті бала уақытты бағалап, жауапкершілікті сезінеді.* ***Кеңес:*** *Балаңызды күн тәртібін сақтауға, уақтылы тамақтанып, ұйықтауға дағдыландырыңыз. Бұл – тәртіп пен жинақылыққа баулиды.* | *тәрбиенің негізі. Тәртіпті бала уақытты бағалап, жауапкершілікті сезінеді.* ***Кеңес:*** *Балаңызды күн тәртібін сақтауға, уақтылы тамақтанып, ұйықтауға дағдыландырыңыз. Бұл – тәртіп пен жинақылыққа баулиды.* | *адамгершіліктің белгісі. Қамқор бала айналасына жанашырлықпен қарайды.* ***Кеңес:*** *Балаңызды достарына көмектесуге, үйдегі шағын жұмыстарға қатысуға үйретіңіз. Бұл – қамқорлық пен жауапкершілікті дамытады.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығарма шылық, эксперментал дық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары) | ***Картотека № 18*** ***Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»*** *Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретін түсінеді* | ***Картотека № 19*** ***Дид ойын: «Қысқы тіршілік»*** *Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын атап, оларды ажырата біледі.* | ***Картотека № 20*** ***Дид ойын: «Орнын тап»*** *Мақсаты: балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтап суреттен таба алады.* | ***Картотека № 21*** ***Дид ойын: «Балық аулау»*** *Мақсаты: сұрақтарға жауап бере біледі.* | ***Картотека № 16*** ***Дид ойын: «Қоянға көмектесеміз»*** *Ойын мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуды біледі.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Желтоқсан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қосымша тіркелген* | | | | |
| Таңғы ас | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, біздің ішетін асымыздың бәрінде дәрумендер бар. Сүт сүйекті қатайтады, ет күш береді, нан тоқ қылады. Бәрін тауысып жесек, деніміз сау, көңіліміз көтеріңкі болады.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Асымызды тауысып жегенде өзімізді мықты сезінеміз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асты бірден ішпейміз, үрлеп барып ішеміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Әрбір ас – ата-анамыздың еңбегі. Оған құрметпен қарасақ, үлкендерді қуантамыз.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Үлкенді сыйлаған бала мейірімді болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде ыдысты ойыншық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін абай ұстаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Суды да, тамақты да үнемдесек, ол жауапкершілігімізді көрсетеді.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Жауапты бала өзін де, басқаны да ойлайды.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Су төгілсе сүртіп аламыз, еденге қарап жүреміз, жүгірмейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Жемістер мен көкөністер бізге қуат береді. Сүт өнімдері мен ет те дәруменге толы. Оларды жесек, сергек жүреміз.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Сергек бала ойнағанда да, үйренгенде де көңілді болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жемісті асықпай, жақсылап шайнап жейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде тыныш отырсақ, бәрімізге ыңғайлы. Бұл – тәртіптіліктің белгісі.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Тыныш отырған бала өзін ұстай біледі, өзін-өзі сыйлайды.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде қатты сөйлемейміз, ауызымызда ас тұрғанда сөйлеспейміз.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Қамқор» жобасы***<br>***Ойын: «Жоғалған ойыншыққа көмектесейік»***<br>*Тәрбиеші: «Ойыншық досымыз үйін таба алмай жүр. Қалай көмектесеміз?» – деп балалардан кеңес* | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Сиқырлы музыка»***<br>*Әуен қосылады. Балалар музыкаға сай қимыл ойлап табады (құстың ұшуы, гүлдің ашылуы).* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Кім еңбекқор?»***<br>*Тәрбиеші суреттер көрсетеді: бір бала ойыншық жинап жатыр, екіншісі шашып жүр.* | ***«Смарт бала» жобасы***<br>***Ойын: «Не жетіспейді?»***<br>*Үстелге заттар қойылады (доп, қасық, кітап). Біреуін тәрбиеші жасырады. Балалар: «Доп жоқ!»,* | ***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы***<br>***Ойын: «Қайда тұрады?»***<br>*Тәрбиеші: «Балық қайда тұрады?» Балалар: «Суда!» «Қоян қайда тұрады?» – «Інде!»* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *сұрайды.*<br>*Балалар: «Жол көрсетеміз», «Қасына ертіп апарамыз».*<br>***Мақсаты:** баланы жанашырлыққа, қамқорлық жасауға баулу.* | *Әр бала өз қимылын көрсетеді.*<br>***Мақсаты:** қиялды, шығармашылық қабілетті дамыту.* | *Балалар: «Мынау еңбекқор, мынау жалқау».*<br>***Мақсаты:** жақсы мен жаман қылықты ажырата білуге үйрету.* | *«Кітап жоқ!» дейді.*<br>***Мақсаты:** зейінді, есте сақтауды дамыту.* | *«Көлік қайда жүреді?» – «Жолда!»*<br>***Мақсаты:** логикалық ойлауын дамыту.* |
| Кестеге сәйкес ҮІӘ | ***«Балалар кітапханасы» – қыс туралы тақпақ, өлең, әңгіме оқу арқылы балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту.***<br>***«Ұшқыр ой алаңы» – қысқы құбылыстарды талқылау,сұрақ-жауап арқылы ойлау қабілетін дамыту.***<br>***«Шабыт» жобасы» - қыс көрінісін бейнелеу , экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұiә.*** | | | | |
| | ***Тосын сәт.***<br>*Хатшы хат пен қорапша әкеледі.*<br>***Хатты оқу.***<br>*Балалар бұл хатта тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ мына қорап ашылады екен. Қорапта не бар екен? Қәне онда тапсырмаларды орындайық.*<br>***Менің сүйікті бұрышым***<br>***Суреттер сөйлейді.***<br>*Балалар тапсыраны орындау үшін топқа бөлінейік.* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>***Балалар ертегі тыңдаған ұнай ма сендерге?***<br>*Қазір қандай мезгіл? Ендеше ертегілер бұрышына барып* ***«Аяз ата»*** *атты ертегі тыңдаймыз. Ертеде орманның шетінде Аяз ата Жаңа жылды қарсы алуға дайындалып жатыр екен. Оның қолындағының бәрі мерекеге және сәнді шыршаларға, балаларға арналған сыйлықтарға және* | ***Қызығушылықты ояту***<br>*Балалар терезеге барайық. Қараңдаршы, біз көшеде жылдың қай мезгілін көріп тұрмыз? (қыс) Қандай белгілер арқылы білдік? (Суық, жылы киінген адамдар, қарлы ағаштар, бұлтты аспан, қар жатыр)*<br>*Қар қандай? (ақ, үлпілдек, жылтырақ)*<br>*Қар қайда? (Жерде, орындықта, ағаштарда)*<br>*«Міне, қыс - айнала ақ, қар көп»*<br>***Ой дамыту***<br>***АҚТ технологиясымен*** | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Шанамен зырғып желетін,*<br>*Коньки, шаңғы тебетін,*<br>*Аққала жасап ойнайтын.*<br>*Қай мезгіл деп ойласыңдар балалар?(қыс)*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*Слайд көрсету.*<br>*Қыс мезгілі (сұрақ-жауап арқылы)*<br>*-Қыс мезгілінің белгілерін білеміз* | ***Дид ойын: «Қыс белгілерін ата»***<br>*Шарты: Қыс мезгілінің ерекшелігін айту.*<br>*Балалар, ал сендербілесіңдер ме, мұзнеденпайда болады?*<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ технологиясы.***<br>*-Мұздың түсі қандай? (Түссіз)*<br>*-Мұз қай жерлереде кездеседі? (өзедерде, көлдерде)*<br>*Мұзды жаз мезгілінде қайдан көруге болады? (тоңазытқыштан)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***1-топ. Аққала тобы***<br>***2- топ Ақшақар тобы.***<br>*1-топ Аққала тобына тапсырма.*<br>***Суретке қарап қыс мезгілі туралы әңгіме құраңдар?***<br>*2- топ Ақшақар тобына тапсырма.*<br>***Қысқы еңбек туралы суретке әңгіме құраңдар***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***2- тапсырма. Миға шабул.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Қай топ бірінші жұмбақты шешеді?***<br>*1.Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады.* ***(қар)***<br>*2.Тісі жоқ,тістеп алады.*<br>*Қолы жоқ, сурет салады.* ***(аяз)***<br>*3.Мені қардан жасапты,*<br>*Ойланып көр*<br>*Қолым-таяқ,* | *аязды ауа-райына дайын болу керек. Сол кезде орман шетінде де, қалада да қар болмаған . Ал қарсыз шаңғы,шана тебе алмайды. Содан кейін Аяз ата өзінің көмекшілерін орман шеті мен қаланы жабу үшін күміс ұшқындарды шақырды. Бірақ, өкінішке орай, жел соқпайды, олар ұша алмады. Сонда Аяз ата Желден көмек сұрады:*<br>***Дид ойын:«Қарлы боран»***<br>*Қардың күміс түйіршіктерін дөңгелекке жинау. Бірақ жел орманды безендірумен айналысқан Аяз атаны естімеді. Аяз ата мұңайып, тіпті аздап ренжіп, қалай болу керектігін, не істеу керектігін ойлап табады.. Аяз* | ***жұмыс***<br>*Балалар, қыста аспаннан көптеген әдемі, үлпілдек, жарқыраған, нәзік қар түйіршіктері жауады. Айтыңызшы, қыста тағы не ақ болады? (қар, қар үйінділері, шыныдағы өрнектер, қардағы ағаштар, қар бүршіктері)*<br>*Балалар, мынау біздің үстелде не бар? (Қар). Келіңдер, оны қарайық. Қандай қар? (Аппақ). Жайлап ұстайық (Суық)*<br>***Дид ойын: «Кішкентай зерттеушілер»***<br>***Қане қарға зерттеу жүргізейік.***<br>***№1 тәжірибе.***<br>*Сендер қолдарыңды ашыңдар, мен сендерге қар жағамын.*<br>*Педагог әр баланың алақанына аздап қар жағады, барлығы не болып жатқанын бақылайды*<br>*Қарды қалай* | *бе?*<br>*-Боран соққанда қимыл мен көрсетейікші.*<br>*-Қатты аяз болып тоңғанда не істейміз?*<br>*-Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?*<br>***«Қыс» өлеңін Мнемо кесте арқылы мәнерлеп оқып мазмұнын ашу.***<br>*Аппақ, аппақ жапалақтап,*<br>*Қар жауады тынбастан.*<br>*Қалың орман, қар жамылған,*<br>*Маужырайды түнгі аспан.*<br>*Кең пейілді, мол мейірлі,*<br>*Сағынышпен табысқан.*<br>*О, алақай, Аяз ата,*<br>*Келе жатыр алыстан!*<br>***«Не артық» ойыны***<br>*Қыс мезгілі* | ***Тосын сәт.***<br>*Мұз ханшайымы келеді.*<br>*зерттеу орталығына шақырады.*<br>***Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»***<br>***Мұзға тәжірибе жасау.***<br>***1- тәжірибе.***<br>*Алдымызда тұрған мұзды ұстап көрейік .*<br>*Мұздың түсі қандай ?*<br>*Мұзды ұстағанда алақанымызда не пайда болды ?*<br>***2 – тәжірибе .***<br>*Алдарындағы суға мұзды салыңдар?*<br>*Мұз батпай бетінде қалықтап жүзіп жүр.*<br>*Сондықтан мұз судан жеңіл.*<br>***Дид ойын: «Суретшілер»***<br>***Жүргізілу барысы:***<br>*Дәстүрден тыс сурет салу әдісі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мұрным-сәбіз,<br>Көзім-көмір. **(аққала)**<br>4.Қырға сүйреп шығам,<br>Ойға мініп түсем. **(шана)**<br><br>5.Өзі судан жаралған,<br>Бірақ судан қорқады. **(мұз)**<br>6.Су да, мұз бар,<br>Жер де, қар бар.<br>Боран басып соғады.<br>Бұл қай кезде болады? **(қыс)**<br>Екі топты мадақтау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Суық өтер қолғаптан.<br>**3-тапсырма**<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>**1-топ Аққала тобына тапсырма.**<br>Воскобович әдісін қолдана отырып, қысқы ағаштарды | ата балалардан шыршаларды безендіру үшін қар бүршіктерін жасауға көмек сұрауға шешім қабылдайды. Ол барлық балаларға өзінің көмекшісі, сиқырлы күміс қар ұшқыны бар күміс сандықтарды жіберді, оған қар бүршіктерін жасау және олармен шыршаларын безендіру тапсырылады.<br>**Балалар аяз атаға көмектесеміз бе?**<br>**Тосын сәт.**<br>Балалар, қараңдаршы, бүгін пошташы бізге Аяз атадан балабақшаға сиқырлы сандық әкелді. Сіз Аяз атаға көмектесуге дайынсыз ба? Қар түйіршіктері не екенін еске түсірейікші? | сезіндіңдер?<br>(Суық, мұздай) (балалардан жеке сұрау).<br>- Қолымызды жылытайық, үрлейміз, мен сияқты. (педагог алақанға қалай үрлеу керектігін көрсетеді).<br>- Жылу барып жатқанын сезесіңдер ма?<br>Қолдарыңдағы қар қайда кетті?<br>(Ол еріп кетті).<br>Неліктен ол еріп кетті?<br>Себебі үрлегенде жылу барды.<br>-Қолыңды құрғат.<br>(Үстел үстіндегі майлықтар).<br>**Қортынды: Жылыда қар еріп, суға айналды.**<br>**Дид ойын: «Ормандағы қар басқан үй»**<br>Ақ қағаздан шиыршықтау арқылы үй құрастыру.<br>**Тәжірибе №2**<br>**Қай су лас**<br>Ақ, үлпілдек болып жауады, қар лас суға | туралы суреттері араластырып ілінеді.<br>Қыс мезгілі туралы айту.<br>Балалар басқа мезгілдің суреттерін тауып, оның қай мезгілге тән екенін айтады<br>**Сергіту сәті. «Қыс»**<br>Сыртта боран зулайды,<br>Қарды үйіріп қуалап.<br>Әлсін - әлсін тыңдайды,<br>Терезеден сығалап<br>**Ой қозғау.**<br>**Балаларды пішіндер бойынша топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Шебер қолдар»**<br>**1-топ. Дөңгелек.**<br>Аққала құрастыру<br>**2-топ Үшбұрыш**<br>Шырша суретін салу.<br>**3-Топ төртбұрыш** | арқылы май шаммен ақ қағазға сызықтар жүргізіп, үстін көк бояумен бояу.Мұз бейнесін шығару.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт – сарт – сарт,<br>Шапалақсоғамыз.<br>Тоңсабіздіңаяғымыз,<br>Етіккиіпаламыз.<br>Топ – топ – топ,<br>Топылдатыпбилейміз.<br>Тоңсабіздіңденеміз,<br>Тоңдыкиіпаламыз.<br>Зу – зу – зу,<br>Шанаменензулаймыз.<br>**Дид ойын: «Жақсы жаман»**<br>(Венн диаграмасы арқылы)<br>Ойын шарты:<br>Мұздың пайдасы мен зиянын айтып суреттерін тақтаға ілу.<br>Мұз айдын.<br>Жылтыр мұздың үстінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *құрастыру құрастыру.*<br>*Ағашқа қиылған қар ұлпаларын жапсыру.*<br>***2- топ Ақшақар тобына тапсырма:***<br>*Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы капуста қабығын пайдаланып, қысқы ағаш келбетін салу.(сурет)*<br>*Ағаш қасына ермексаздан аққала мүсіндеу.(мүсіндеу)*<br>***4-тапсырма***<br>***Қыс мезгілі туралы тақпақ***<br>*Жауды,міне қар аппақ,*<br>*Айналаның бәрі аппақ.*<br>*Жасырыпты жолдарды,*<br>*Тегістепті оларды.*<br>*Екі топты мадақтау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балалар , жарайыңдар екі топта тапсырманы орындадыңдар!*<br>*Енді сиқырлы* | *Суық, ақ, кішкентай, жеңіл, шілтерлі, ойылған, таза, үлпілдек, әдемі, жылтыр, нәзік, күміс*<br>*Қар түйіршіктері неден жасалған?*<br>*-Ұсақ кристалдардан.*<br>*Педагог қорапты ашады.*<br>***Шығармашылық бұрыш.***<br>***Дид ойын: «Қар ұшқындары»***<br>***Шарты:*** *Қар бүршіктерін құрастыру және бір-біріне жапсыру.*<br>***Аяз атаның екінші тапсырмасы*** *- шыршаны салу.*<br>***Дид ойын: «Жасыл шыршалар»***<br>*Шарты: Трафарет арқылы бастыру әдісімен шырша салу.*<br>***Тыныс алу жаттығуы –*** *шыршаға қар* | *айналады. Неліктен?*<br>*Жерде шаңдар көп, машина жүреді, түтін болады, адамдар басады,*<br>*-Суды шелектен, дәке арқылы, кесеге құямыз. Дәкеде кір қалады.*<br>***Қортынды:***<br>*-Қарды жеуге болады деп ойлайсың ба? Неліктен?*<br>*Бұл лас және суық, сіз ауырып қалуыңыз мүмкін*<br>*Дұрыс! Ал лас қарда микробтар өте көп. Тамағыңызды және асқазаныңызды зақымдауы мүмкін.*<br>*Ал бұл суды нелер іше алады?*<br>*(Құстар, жануарлар).*<br>*- Тағы нелер?*<br>*(Ағаштар, гүлдер).*<br>***Дид ойын: «Қар ұшқындары»***<br>*- Екі қар ұшқынын аламыз - кішкентай және үлкен.*<br>*Олардың өлшемдері әртүрлі ме, әлде бірдей* | *Шыршаға ойыншықтарын мүсіндеу*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, сендер білесіңдер ме, қыс мезгілі терезелерді қар ұшқынының әдемі өрнектерімен безендіреді? Бүгін біз сіздермен дизайнерлердің рөлінде боламыз - бұл өз қолдарымен әшекейлер жасайтын адам.*<br>***Дид ойын: «Қар ұшқындары»***<br>*Біз дайын қар ұшқындарын алып,топ бөлмелеріне жапсырамыз.Тобымызды әсемдейміз*<br>***Дид ойын:*** | *Аяқ тайып тұрмайды.*<br>*Керегі жоқ күштің де,*<br>*Коньки өзі зырлайды.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Өлеңде не туралы айтылған?*<br>*Мұз айдында ойнау үшін нелер қолданамыз?*<br>***Шығармашылық бұрыш.***<br>*Балаларды топқа бөлу*<br>***1-Топ:*** *Мұз айдынын құрастыру.*<br>***2-Топ:*** *мұз айдынға коньки жапсыру*<br>***3-Топ:*** *Шаңғы мүсіндеу.*<br>***Қыс қызығы***<br>*Шаңғы, шана сайла.*<br>*Конькиіңді байла.*<br>*Думандатып ойна.*<br>*Қыс қызығын тойла.*<br>***Қорытынды.***<br>*Бізбүгін не жайлыайттық?*<br>*Мұз қандай?*<br>*жақсы қатысқан балаларды мадақтау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қорапты ашып қарайық.*<br>*Қорап ішінен тәтті кәмпит шығады. Балаларға тәтті кәмпитерді беру. Мадақтау.*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>*Кіріспе бөлім. Амандасу.*<br>*Ойын гимнастикасы*<br>*Алақанды ашайық,*<br>*Шапалақты соғайық.*<br>*Шап-шап-шапалақ,*<br>*Шап-шап-шапалақ.*<br>*Кәне, маған қара,*<br>*Бәрін бірдей қайтала.*<br>*Бір-екі-үш, бір-екі-үш,*<br>*Бәрін бірдей қайтала (барлық қимылды).*<br>*Оң аяқ, сол аяқ,*<br>*Қаз-қаз бастық біз аздап Топ-топ-топ, топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ?*<br>*Ойнайықшы біз аздап (Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады).*<br>*Бір-екі-үш,бір-екі-үш,*<br>*Ойнайықшы біз аздап.*<br>*Негізгі бөлім* | *бүршіктерін үрлеу.*<br>***Аяз атаның үшінші тапсырмасы*** *– шырша ойыншықтарын жасау.*<br>*педагог жұмыс кезеңдерін айту,түсіндіру, қажет болған жағдайда көмектесу*<br>*Жұмысты аяқтағаннан кейін балалар шыршаны ойыншықтармен безендіру.*<br>*Балалар, сендер қандай тамаша балдарсыңдар. Аяз атаға көмектестіңдер, көп жұмыс істедіңдер.Маған сендердің қар ұшқындарың қатты ұнады, олар еш қашан ерімейді Аяз атаға сандықшаға салып жіберейік.*<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы: Менің*** | *ме?*<br>*Үлкен қар ұшқынын көрсету «Бұл қандай қар ұшқыны? Кіші ме, үлкен бе?» Балалар: үлкен*<br>*Мынау қандай қар ұшқыны?» кішкентай!*<br>***Ал енді үлкен бұлтқа үлкен қар түйіршік-терін, кішкентай бұлтқа кішкентай қар түйіршіктерінжапсырайық.***<br><br>***Дид ойын: «Қар қиыршықтары»***<br>*Дайын қар формасын көк қағазға майшаммен трафарет ішінен бояу.*<br>***Үстінен ақ бояумен бояу.***<br>***Қортынды***<br>***Сұрақ –жауап***<br>*Өзгелерге жақсы көңіл-күй сыйлайық. (Балалар алақандарынан көңіл-күйді үрлейді).*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>*Кіріспе бөлім.*<br>*Амандасу.* | ***«Қардың сықыры»***<br>*Қардың сықырлағанын естігіңіз келе ме?*<br>***Аудио дыбыс.***<br>*Сендер не естідіңдер? (Сықырлаған дыбыс)*<br>*Қар осылай сықырлайды. Ал неге? Қардың сықырлағанын естідің. Қар түйіршіктерінде өткір сәулелер бар, біз оларды басқан кезде олар үзіліп, сықырлаған дыбыс естіледі.*<br>*Сыртта суық болған кезде қар сықырлайды.*<br>*Сыртта өте суық болмаса, қар жабысқақ болады. Сол кезде балалар не істегенді ұнатады? (Ақшақар жасау, қар домалату ойнау).* | ***Музыка***<br>***Тақырыбы: «Қыс қызығы»***<br>*Шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады.*<br>*Қыс келді, қыс мұз – қарлы,*<br>*Қыраулы да ызғарлы.*<br>*Қыскелді, қысборанды,*<br>*Қыраткөрпеоранды.*<br>*Қыскелді, қысмықтыанық,*<br>*Қайтсе де бізықпадық.*<br>*Қыскелді, қысуайым ба,*<br>*Қандықбіздеройынға!*<br>*Қыстуралыөлеңдіын таментыңдап, өлеңтуралытүсінікт ерінжеткізеді.*<br>*-Қазіржылдыңқаймезг ілі?*<br>*-Өлеңде не туралыжазылған?*<br>*-Қыстатабиғаттақа* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Жалпы даму жаттығулары Таяқшамен*<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шалтай-балтай»***<br>***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ* | ***Қазақстаным***<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.Өлең оқу***<br>***Ж. Тұрбеков. Туған елім.***<br>*Туған өлке – кең далам,*<br>*Мәңгілік бақыт орнаған.*<br>*Сайраңдаймыз саяңда*<br>*Ерікті ұлан – біз балаң.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз?*<br>***2.Ой дамыту***<br>*Меңгерілген білім дағдыларын естеріне түсіру.*<br>*–Біз қандай мемлекетте тұрамыз?*<br>*–Біздің Отанымыз не?*<br>*-ҚР рәміздерін ата ?*<br>*–Оларға* | *Ойын гимнастикасы*<br>*Алақанды ашайық,*<br>*Шапалақты соғайық.*<br>*Шап-шап-шапалақ,*<br>*Шап-шап-шапалақ.*<br>*Кәне, маған қара,*<br>*Бәрін бірдей қайтала.*<br>*Бір-екі-үш, бір-екі-үш,*<br>*Бәрін бірдей қайтала (барлық қимылды).*<br>*Оң аяқ, сол аяқ,*<br>*Қаз-қаз бастық біз аздап Топ-топ-топ, топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ?*<br>*Ойнайықшы біз аздап (Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады).*<br>*Бір-екі-үш,бір-екі-үш,*<br>*Ойнайықшы біз аздап.*<br>*Негізгі бөлім*<br>*Жалпы даму жаттығулары Таяқшамен*<br>***Б.қ.: «Мысық оянды »***<br>***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет* | ***Тақпақ***<br>***Жапалақтап ала қар***<br>***Жауды күнде қайталап,***<br>***Қырға шықты балалар,***<br>***Шаңғыларын арқалап.***<br>***Қортынды.***<br>*Қазір қай мезгіл?*<br>*-Көңіл күй қандай?*<br>*бас бармағын көрсету.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Ұшты-Ұшты»***<br>***Мақсаты : есте сақтау, мұқият болу қабілеттерін дамытады, өнерлі болуға баулу.*** | *ндайқұбылыстарбола ды?*<br>*-*<br>*Қысмезгілініңұнайты н,*<br>*ұнамайтынжақтары натаңдар.*<br>*-Күнсуық, қалыңкиінесіңдер.*<br>***Музыка тыңдау: Вальс***<br>*-Музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады.*<br>*Сендер мұндай музыкаларға қандай қимыл жасағыларың келеді.*<br>*-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады.*<br>*Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады.*<br>***Ән айту: «Қыс қызығы»***<br>*(И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы).*<br>*Әнді музыка жетекшісі орындап береді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>***5.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/*<br>*Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою)*<br>*Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).***<br>*Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>*Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:*<br>***1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен*** | *сипаттама беру*<br>*–Астанамыз қалай аталады?*<br>***3.Ой қозғау.***<br>***Отан туралы тақпақ жаттау.***<br>***–Мағынасын түсіндіру.***<br>***Отан. Ж Әбдірашев.***<br>*«Отан - атам, Отан - әкем!»*<br>*Осы сөзім қате мекен?!*<br>*Қате болса, Неге біздер*<br>*Дейміз оны «Атамекен?!»*<br>***Дид ойын: «Туған жерді гүлдендір»***<br>*Шарты: Дайындалған карта бетіне гүлдер, жүрек суреттерін жақсы сөздер айтып жапсыру*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Сақина салу»*** | *қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»- деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шалтай-балтай»***<br>***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>***5.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-* | | *-Әнде не туралыайтылған?*<br>*-Қандайкөңілкүйде?*<br>*Мәтінінәуенгеқосылы пүйрену.*<br>***Ойын: «Қасқыр мен көжек».***<br>*Музыканытыңдайотырып,әраңдарғатәнмузыканыажыратабилу. Жеңіл, көңілдікөжектерқаһарлы да ашулықасқырмузыкасыестілісіменқашуғадайын болу.*<br>***Би: «Қасқыр мен қояндар».***<br>*Көрініс би («Билепүйренейік»). Түсініктемебойынша қимылжасап, әуендіырғақпенүйлестіре би қимылдарынжасау. Әндітыңдайотырып, қандайжылмезгілітуралыайтылғанынәңгімелейді.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Ханталапай»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***секіру**. Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екіаяқпенбірмезетте жігерленеитеріл.*<br>***2.«Аюлар» – тікебағыттатөрта яқтапеңбектеу.***<br>*Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».***<br>*Кішкентай балапанға айналуды ұсынады.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Арқан тарту» Мақсаты: Балаларды топтасып жұмыс істеп, бір-біріне көмектесуге үйретеді**.* | ***Мақсаты: Балалардың қимыл белсенділігін, ойында ынтасын арттыру.*** | *20 секунд/*<br>*Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою)*<br>*Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).***<br>*Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>*Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:*<br>***1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру**.*<br>*Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екіаяқпенбірмезеттежігерленеитеріл.*<br>***2.«Аюлар» – тікебағыттатөртаяқтапеңбектеу.***<br>*Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай* | | ***Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интелектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамыту. Топта жұмыс істей білуін дағдыларын қалыптастыр***<br><br>***(Бағдарлама) «Аспан әлемі»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *еңбектейді.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».***<br>*Кішкентай балапанға айналуды ұсынады.* | | |
| Серуенге дайындық | ***Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.***<br>***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека № 13***<br>*Торғайды бақылау.* | ***Картотека № 14***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека № 15***<br>*Бұлтты бақылау.* | ***Картотека № 16***<br>*Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.* | ***Картотека № 19***<br>*Мұздақты бақылау.* |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Қысқы серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларды сырт киімдерін ретімен шешіп, орындарына жинақтап қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Әр баланы киімін бүктеп, сөресіне қоюға дағдыландыру.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын мұқият сабындап жууға* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешкенде бір-бірінің заттарын алмауға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдануды қадағалау.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балалар киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинайды.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап жуу, сүлгісін орнына ілу.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешіп болған соң, аяқ киімін де ретімен қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жууын қадағалау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жуу, сүлгісіне сүрту.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде шуламай, тыныштық сақтауды түсіндіру.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қолдарын жуып болған соң асханаға барады.* | *үйрету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Суды шашпауға тәрбиелеу.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Таза қолмен үстелге отыру.* | ***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуынғанда сабынды үнемді пайдалану.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас ішер алдында қолдарын тексеру.* | ***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде ойнамауды ескерту.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды асханаға шақыру.* | ***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен шашпау, тыныштық сақтау.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас алдында қолдарын жуып, үстелге отыру.* |
| Түскі ас | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну*** | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана алайық. Артық алып, қалдыру – дұрыс емес.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде асықпай жейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас – ойын емес. Ас ішіп болған соң ғана ойнаймыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ойыншықты дастарқанға әкелмейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Әрбір түйір ас – еңбектің жемісі. Оны төкпей, ысырап қылмай жейік.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты үстелге қатты қоймаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішсек, күшті, сергек боламыз. Ас – денсаулыққа пайда.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыстық асқа үрлеп ішеміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Асқа құрмет көрсетсек, дастарқанымыз берекелі болады. Әр асқа алғыс айтайық.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде шуламаймыз, тыныш отырамыз.* |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.* | ***№15. 1.Ояну***<br>*Кел балалар тұрайық,*<br>*Қолымызды жоғары созайық.* | ***№13. 1.Ояну***<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*Қолымызды созайық*<br>*Енді қане бәріміз,* | ***№ 12. 1. Ояну***<br>*Күнге қарап күлімдеп*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Бойды түзе, көтер* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | *Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | *Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап,*<br>*Бір демалып алайық.* | *Жаттығуды жасайық.* | *басты*<br>*Сергіп ұйқы ашамыз* |
| | ***Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.***<br>***«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.***<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Қолды сабындап жуу – денсаулық кепілі.*<br>***Қауіпсіздік:*** *– Су шашпай, абайлап жуамыз.* | ***Әңгіме:*** *– Нан – дастарқанның берекесі. Нанды аяқ асты етпейміз.*<br>***Қауіпсіздік:*** *– Нанды ауызға толтыра салмаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас кезінде тыныш отырамыз, таласпаймыз.*<br>***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты бір-бірімізге ысырмаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішіп болған соң ыдысты ретімен қою – ұқыптылықтың белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты қатты соқпаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Тамақты мөлшермен ғана аламыз. Артық қалдырмаймыз.*<br>***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз.* |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | ***Д/О«Айырмашылығын тап» ойыны***<br>***Берілген екі суреттен 3 айырмашылығын табу.***<br><br> | ***«Құрбақа» қонаққа келеді.***<br>*Сәлеметсіздер ме? Тапсырма алып келдім, мен өз жапырағыма қалай жететінімді білмеймін. Егер маған тапсырмаларды орындап көмектессеңдер мен жапырағыма жетер едім!* | ***Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру.***<br>***Туған өлке***<br>*Көгінде күн нұрын төккен,*<br>*Жерінде гүл жұпар сепкен.*<br>*Неткен сұлу,неткен көркем,*<br>*Осы менің туған өлкем!* | ***Санамақ***<br>*Бота, түйе,*<br>*Құлын,бие,*<br>*Торай,шошқа,*<br>*Қозы, қошқар,*<br>*Қодық,құлан,*<br>*Көжек, қоян,*<br>*Бақа,шаян,*<br>*Торғай,шымшық...*<br>*Сен, қал Сен, шық!*<br>*(Қадыр Мырза Әли)* | ***4- айырмашылықты тап***<br><br><br>***Ұйқас тауып ойнайық !*** *Өлеңнің басы беріледі,әрі қарай ұйқасын табу.*<br>*1. Қағазға қайшы өтпеді*<br>*Соғанда Балнұр* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>***Көжекке шеңбер де шаршы да емес бірақ ең кішкентай қызыл пішінді табуға көмектес.***<br><br>***«Өрт қауіпсіздігі» СЮЖЕТТІК РӨЛДІК ОЙЫНДАР: «БІЗ-ӨРТ СӨНДІРУШІМІЗ»***<br>***Алдын-ала жұмыс: Өрт сөндіру бөліміне экскурсия, өрт сөндірушілердің жұмысы туралы*** | *Балалар: Жарайды, көмектесеміз!*<br>*Себебі біз ақылды балалармыз!*<br>***1 - тапсырма. Дидактикалық ойын. Пішіндерден үлгіге қарап бейне құрастыр.***<br><br><br>***2 - тапсырма. Кім тапқыр: « Жұмбақтар»***<br>*1.Адамға серік,*<br>*Күзетке берік.*<br>*(Ит)*<br>*2.Жүрегі бар, ізі жоқ,*<br>*Қанатты бар, ұшпайды.*<br>*Су астында қыстайды.*<br>*(Балық)*<br>*3.Сұм жүзді,*<br>*Құралай көзді,*<br>*Киікше секірген,*<br>*Бура санды,*<br>*Жолбарыс тонды.*<br>*(Бақа)* | ***Ой қозғау.***<br>*-Балалар,өлең ұнады ма?*<br>*Не туралы жазылған?*<br>***Табиғат туралы түсінік беру.****(жер,су,ауа,өсімдіктер,құстар,жануарлар т.б.)*<br>*-Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру.*<br>*Сурет бойынша әңгіме құрастыру.Слайд. Көрсету.* | <br>*Балалар мен сендерге тапсырмалар алып келдім. Егер тапсырмаларды жақсы орындасаңдар мен сендерге мен сияқты секіріп,жаттығу жасауды үйретемін. Келісесіңдер ме?*<br>*Балалар: Алақаааааай, әрине келісеміз!*<br>***1.Кеңістікті бағдарлау.***<br>*Марат Қайраттың сол жағында отыр.*<br>*Қайрат Серіктің оң жағында отыр. Қай бала қайда отырғанын көрсет.*<br>***2. «Не артық?»*** *Әр қатардан артық затты тап.*<br>*(әр балаға жеткілікті материалмен)*<br> | *...(өкпелі)*<br>*2.Жоғалды қара қарындаш*<br>*Ондайы енді ..(табылмас)*<br>*3.Атам кеше құс атты*<br>*Біреуін маған.. (ұстатты)*<br>*4. Тосқауылдан қат-қабат*<br>*Енді қалай ... (аттамақ)*<br>*Бестік алсаң жарайсың*<br>*Білмесең жерге ........ (қарайсың)*<br>*Қар жауады* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***әңгімелер, сюжеттік суреттерді қарау, өрт туралы әңгімелерді оқу ( Л.Толстой "өрт иттері", с. Маршак" Мысық үйі", С. Михалков" өрт"), осы тақырыпқа сурет салу, өрттегі мінез-құлық ережелері туралы жағдайларды ойнау, дидактикалық ойындар, осы тақырыптағы Білім беру қызметін ұйымдастыру.*** | ***3 – тапсырма***<br>***Жетіспей тұрған балапанды сал.***<br><br>***«Жол ережесі»***<br>***«Жол ережелері»***<br>***Міндеттері: жол белгісінің негіздерін бекіту; негізгі жол белгілерімен, олардың жіктелуімен, тағайындалуымен таныстыру; зейінді, есте сақтауды, ойлауды дамытуға ықпал ету.*** | | <br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>*Шеңбер бойымен жай жүру .*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>***Қызығушылықты ояту***<br>*Балалар, біз бүгін кімге қонаққа баратынымызды табыңдаршы.*<br>*Көп болса да аяғы, Тек жорғалап жүреді.*<br>*Денесі жасыл буылтық, Жапырақ оның қорегі.*<br>***(Жұлдызқұрт)***<br>***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>***«Көбелектер»*** | *жапалақтап*<br>*жүр балалар*<br>*..........шапалақтап*<br>**«Аспан әлемі» (Бағдарлама)**<br>***«Қауіпсіздік ережесі»***<br>***«Жеуге болатын саңырауқұлақты қорапқа салыңыз»***<br>***Мақсаты: Балалардың жеуге болатын және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар туралы білімдерін бекіту.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ***«Көбелектер ұшады»*** *– б.қ., аяқтар сәл алшақ қойылған, қолдар төменде.*<br>*Қолдыекі жаққа созып, құлашын сермейді, төмен түсіреді. 5 рет қайталайды.*<br>***«Көбелектер су ішеді»****– б.қ.,алдыңғыдай. Еңкейеді, қолын артқа апарады, түзеледI.. 4 рет қайталайды.*<br>***«Көбелектер отырды»*** *–б.қ., алдыңғыдай. Отырады, қолды тізенің үстінеқояды, түзеледI.. 5 ретқайталайды.*<br>***«Көбелектер алаңқайға ұшып кетті»*** *– б.қ., аяқтары бірге, қолдары дене бітімінің бойында. Бір орында секіру, қолды құлаштапсермеу.*<br>***Қимылдың негізгі түрлері: «Жұлдызқұрт» ойынын ойнайық.***<br>*1.«Жұлдызқұртты* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *аттап өт» гимнастикалық сәкіде жұлдызқұрттан аттап өту. (Жұлдызқұрт балаларға кедергі жасап сәкіде жатады). 2.Доға астынан өт. (доға астына жорғалау) Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұлдызқұрт» Балалар бірінің артынан бірі «жұлдызқұрт» болып тізбектеліп тұрады Бірінші ойыншы «басы», соңғысы – құйрығы. Музыка ырғағымен жұлдызқұрт алға қарай жорғалайды, басы әртүрлі би қимылдарын көрсетеді (қолымен, денесімен, аяғымен, басымен), басқалары бұл қимылдарды қайталауға тырысады. «Бас» шаршаған кезде, артында тұрған келесі ойыншыға бұрылып, оның басынан сипайды,* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *ал өзі тізбектің соңына барып тұрады* | |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Тақырыбы: «Сиқырлы қорапша»*** ***Мақсаты:*** *Бала зейінін, есте сақтауын дамыту.* ***Шарты:*** *Қорапшаға бірнеше ұсақ ойыншық салынады. Бала 10 секунд қарайды, сосын қорап жабылады. «Қандай ойыншықтар бар еді?» деп сұралады.* | ***Тақырыбы: «Көңіл-күйді тап»*** ***Мақсаты:*** *Баланың эмоцияларын тану дағдысын қалыптастыру.* ***Шарты:*** *Балаға түрлі смайликтер көрсетіледі. «Қайсысы қуанышты? Қайсысы ренжіген?» деп сұралады. Бала өз көңіл-күйін де көрсетеді.* | ***Тақырыбы: «Артық затты тап»*** ***Мақсаты:*** *Салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту.* ***Шарты:*** *Үш сурет көрсетіледі (алма, алмұрт, машина). Бала артық затты табуы керек.* | ***Тақырыбы: «Жылы сөз айт»*** ***Мақсаты:*** *Баланың коммуникативтік дағдысын жетілдіру.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші балаға: «Маған жылы сөз айтшы» дейді. Мысалы: «Сіз әдемісіз», «Сіз жақсысыз».* | ***Тақырыбы: «Сиқырлы қимылдар»*** ***Мақсаты:*** *Есте сақтау мен қимыл-қозғалысты дамыту.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші бір қимыл көрсетеді (шапалақтау, қол көтеру), бала қайталайды. Кейін 2–3 қимылды қатарынан қайталатады.* |
| Серуенге дайындық | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *жинау* | | | |
| Серуен | ***Картотека № 13***<br>*Торғайды бақылау.*<br><br>*Ұлттық ойын- ұлт қазынсы*<br>*«Ұшты-ұшты»* | ***Картотека № 14***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека № 15***<br>*Бұлтты бақылау.*<br><br>*Ұлттық ойын- ұлт қазынсы*<br>*«Сақина салу»* | ***Картотека № 16***<br>*Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.* | ***Картотека № 19***<br>*Мұздақты бақылау.* |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларды сырт киімдерін ретімен шешіп, орындарына жинақтап қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуу, сүлгісіне сүрту.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде шуламай, тыныштық сақтауды түсіндіру.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қолдарын жуып болған соң асханаға барады.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Әр баланы киімін бүктеп, сөресіне қоюға дағдыландыру.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын мұқият сабындап жууға үйрету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Суды шашпауға тәрбиелеу.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Таза қолмен үстелге отыру.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешкенде бір-бірінің заттарын алмауға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдануды қадағалау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуынғанда сабынды үнемді пайдалану.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас ішер алдында қолдарын тексеру.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балалар киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинайды.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап жуу, сүлгісін орнына ілу.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде ойнамауды ескерту.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды асханаға шақыру.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешіп болған соң, аяқ киімін де ретімен қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жууын қадағалау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен шашпау, тыныштық сақтау.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас алдында қолдарын жуып, үстелге отыру.* |
| Кешкі ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті | Балалардың таңдау бойынша ышығармашылық іс-шаралар: сурет салу, мүсіндеу, оригами, қысқы көрініс коллажы. | Құрылыс және құрастыру ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр» | Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар | Еңбек әрекеті<br>Жууға болатын ойыншықтарды жуу.<br>Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен<br>сүрту қабілетін қалыптастыру | Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Өнегелі-15 минут. Ата-анамен баланың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| | *Бүгін балалар сурет дәптеріне нүктелерді қосып қарапайым сурет жасады.<br>Көз–қол үйлесімділігін дамытты.<br>Үйде балаңызбен «нүктелерді қос» ойынын ойнау пайдалы.* | *Бүгін балалар түрлі иістерді ажыратуға тырысты (гүл, сабын, жеміс).<br>Сезім мүшелерін дамытуға талпынды.<br>Үйде жеміс-жидектің иісін таныстырып, «Бұл не?» деп сұрау пайдалы.* | *Бүгін балалар қарапайым «дөңгелек, үшбұрыш, шаршы» пішіндерден үй салды.<br>Қиялын іске қосты.<br>Үйде қағаздан пішін қиып, сурет құрастыруға көңіл бөліңіздер.* | *Бүгін балалар айна алдында «кім қалай қимылдайды?» ойынын ойнады.<br>Өзін-өзі бақылауға үйренді.<br>Үйде айна алдында әртүрлі қимылды қайталау қызықты болады.* | *Бүгін балалар музыка тоқтағанда «қатып қалу» ойынын ойнады.<br>Зейінін шоғырландырып, тыңдауға үйренді.<br>Үйде осындай «тоқта!» ойынын ойнау пайдалы.* |

Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айының 2-аптасы**

**Топ:** Орта топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Қандай кезеңге жасалды :** 08.12 – 12.12.2025ж
***Апта дәйексөзі: «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»***

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** ***«Менің Қазақстаным ҚР Әнұранын орындау*** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | ***Күй күмбірі – ел тарихын білуге баулу «Ақсақ құлан».*** | ***Күй күмбірі – өнер мен қолөнерді қадірлеуге үйрету. «Адай»*** | ***Күй күмбірі –баланы салт-дәстүрге жақындату «Кішкентай»*** | ***Күй күмбірі –алаңы ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу, мәдениетке баулу. «Хафиз»*** | ***Күй күмбірі – баланың бойына әсемдік пен ұлттық сезім ұялату.*** <br><br> ***«Қылқобыз»*** |
| | *Баланы ойыншық қоянмен қарсы алу. Қоянмен бірге үстелге отыруға шақыру. Баланы құрастыру бұрышына бағыттау.* | *Баланы есіктен кіргенде күлімдеп қарсы алу. Достарымен амандасуға бағыттау. Үстел үсті ойыншықтарына қызықтыру. Баланың көңіл-күйін бақылау.* | *Баланы есімімен атап қарсы алу. Ойын бұрышына еркін орналастыру. Баланы сурет салу бұрышына бағыттау.* | *Баланы күлімсіреп қарсы алу. «Сәлеметсіз бе» деп жауап беруге үйрету. Құрастыру ойындарына қызықтыру. Достарымен ортақ ойынға қосу.* | *Баланы сабырлы үнмен қарсы алу. Ойыншық аю немесе қуыршақ арқылы амандастыру. Достарына жақындастыру. Баланы үстел үсті сурет бояуға бағыттау* |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен | ***Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *Ізеттілік – әдемі қарым-қатынастың* | ***Әңгіме:*** *Сенімділік – баланың тұлға болып қалыптасуына әсер* | ***Әңгіме:*** *Жақсылық жасау – мейірімнің көрінісі.* | ***Әңгіме:*** *Еңбек – тәрбиенің алтын қазығы. Еңбекқор* | ***Әңгіме:*** *Қуаныш пен шаттық – баланың жан дүниесін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әңгімелесу, кеңес беру | *бастауы. Ізетті бала әрқашан сыйлы болады.*<br>***Кеңес:*** *Балаңызды үлкендерге сәлем беруге, сөйлескенде «Апай», «Аға» деп құрметпен айтуға үйретіңіз.* | *етеді. Сенімді бала өзіне жауапты болады.*<br>***Кеңес:*** *Балаңызды өз ойын ашық айтуға, тапсырманы соңына дейін орындауға дағдыландырыңыз.* | *Жақсылықты үйренген бала айналасында сыйлы болады.*<br>***Кеңес:*** *Балаңызды досына көмектесуге, кішкентай сыйлық жасауды әдетке айналдыруға үйретіңіз.* | *бала әрқашан жетістікке жетеді.*<br>***Кеңес:*** *Балаңызды үстел жинау, ойыншықтарын орнына қою сияқты еңбектің қарапайым түрлеріне дағдыландырыңыз.* | *байытады. Көңілді бала әрқашан белсенді болады.*<br>***Кеңес:*** *Балаңызға күлімдеуді, жақсы сөз айтуды үйретіңіз. Бұл – оның көңіл-күйін көтереді.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығарма шылық, эксперименттал дық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары) | ***Картотека №10***<br>***Дид ойын:***<br>***«Танып ал да, атын ата»***<br>***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атап, өз ойын айта алады.* | ***Картотека № 12***<br>***Дид ойын:***<br>***«Әдемі гүл»***<br>*Ойынның мақсаты:,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады.* | ***Картотека № 16***<br>***Дид ойын:***<br>***«Үйжануарлары»***<br>*Ойынмақсаты: Үйжануарларынолар дыңденемүшелерін атау, суреттен өз төлдерін тауып қоя біледі.* | ***Картотека № 17***<br>***Дид ойын:***<br>***«Менің сүйікті ертегім»***<br>***Мақсаты:*** *ертегі кейіпкерлері атап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алады.* | ***Картотека № 18***<br>***Дид ойын:***<br>***«Құстар біздің досымыз»***<br>***Мақсаты:*** *Суреттер бойынша құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді.* |
| | ***коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Желтоқсан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| Таңғы ас | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішіп отырған кезде досымызға* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішіп отырған кезде досымызға* | ***Әңгіме:***<br>*– Еттен, сүттен, көкөністен,* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішіп болған соң «Рахмет» деу –* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *кедергі жасамаймыз. Әдептілік – достықты нығайтады.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Досын сыйлаған бала мейірімді, жанашыр болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолды сермемейміз, қасықты қасымыздағы балаға тигізбей ұстаймыз.* | *кедергі жасамаймыз. Әдептілік – достықты нығайтады.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Досын сыйлаған бала мейірімді, жанашыр болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолды сермемейміз, қасықты қасымыздағы балаға тигізбей ұстаймыз.* | *жемістен алған дәрумен бізге күш береді.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Күшті бала сенімді болады, ол өзін жеңімпаз сезінеді.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Етті асықпай, жақсылап шайнаймыз.* | *алайық. Қалғанын ысырап етуге болмайды.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Ұқыпты бала өзін-өзі жинақы ұстайды, тәртіпке үйренеді.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолымызды созып, басқаның ыдысына салмаймыз.* | *әдептіліктің белгісі. Бұл бізді сыпайы етеді.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Алғыс айтқан бала жүрегінде ризашылықты қалыптастырады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп болған соң ыдысты үстелге абайлап қоямыз, сындырып алмау үшін.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Балалар кітапханасы» жобасы***<br>***Ойын: «Кейіпкерді сипатта»***<br>*Тәрбиеші: «Мақта қыз қандай?» Балалар: «Жақсы, мейірімді». «Қасқыр қандай?» Балалар: «Ашулы, қу».*<br>***Мақсаты:*** *кейіпкер мінезін ажырата білуге үйрету.* | ***«Қамқор» жобасы***<br>***Ойын: «Досыма көмек»***<br>*Бір бала ойыншықты «көтере алмай жатыр» деп рөл ойнайды. Қалғандары: «Біз бірге көмектесеміз» дейді.*<br>***Мақсаты:*** *ұжымдық көмекке үйрету.* | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Сиқырлы қиялшар»***<br>*Балалар көзін жұмып, тәрбиеші: «Қазір сендер ертегі еліне бардыңдар. Қандай ғажайып көріп тұрсыңдар?» дейді. Балалар әртүрлі жауап береді: «Үлкен гүл», «Сиқырлы үй».*<br>***Мақсаты:*** *қиял мен елестету қабілетін күшейту.* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Таза бөлме»***<br>*Ойыншықтар әдейі шашылып тасталады. Балалар жарысып жинайды. Соңында: «Бөлме таза болса, бәріміз қуаныштымыз!» дейді.*<br>***Мақсаты:*** *тазалық пен еңбекке дағдыландыру.* | ***«Смарт бала» жобасы***<br>***Ойын: «Артық затты тап»***<br>*Тәрбиеші: «Алма, алмұрт, банан, қалам». Балалар: «Қалам – артық!»*<br>***Мақсаты:*** *ойды салыстыру, топтастыруға үйрету.* |
| Кестеге сәйкес | ***Ұлттық құндылықты қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекет.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | **Қызығушылықты ояту.** Саяхатқа шыққыларың келе ме?<br>-Мен сендерге сиқырлы кілемшемен саяхаттауды ұсынамын.<br>**Дид ойын: «Кілемше өрнегі»**<br>**Шарты:** Ермексаздан кілемшеге өрнек салу.<br>**Бәріміз бірге: 1,2,3- кілемше ұш**<br>**1 аялдама:**<br>-Сонымен,біз кілемшемен туған өлкеміздің үстінен ұшып бара жатырмыз.<br>Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>Отанымыз туралы әңгімелеу.<br>Отанымыздың аумағы әртүрлі түспен боялған.Сары,жасыл ,<br>қоңыр,көк түс те | **Қызығушылықты ояту.**<br>**«Сурет көрмесі» әдісі**<br>Әр түрлі июстрациялар қарау.<br>**Ой дамыту.**<br>**Сұрақ –жауап**<br>Біз қандай мемлекетте тұрамыз?<br>Тудың түсі қандай?<br>Достық деген не?<br>**Дамыту бұрышы.**<br>Балаларды топқа бөлу,<br>**Дид ойын: «Достық үйі»**<br>**1-топ Мейрімділік үйі. М.Монтессори технологиясы бойынша үй құрастыру.Үйдің жанына гүлдердің суретін салу.**<br>Сипаттама беру. Бұл Қазақстандағы ең әдемі үй. Ол біздің балабқшамыз. Біз онда көңілді, бақытты өмір сүреміз. Үйіміздің жанына гүлдер ектік.<br>**2 –топ. Ақылдылар үйі.**<br>**Дьенеш блоктары** | **Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»**<br>**Шарты:** Педагог көрсеткен суреттерге балалар жақсы істер мен жаман қылықтар туралы атап айтады.<br>-Көмектесу, қамқор болу деген не?Адамдарға, құстарға, табиғатқа қамқор болу, көмектесу жақсы әдеттерге жатады.<br>**Ой дамыту.**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>Слайд қарау**.**<br>Отан туралы тақпақ жаттау.<br>–Мағынасын түсіндіру.<br>Отан деген Атамекен<br>Отан деген-туған жер.<br>Отан –ана, Отан- | **Қызығушылықты ояту. Өлең оқу Ж. Тұрбеков.**<br>**Туған елім.**<br>Туған өлке – кең далам,<br>Мәңгілік бақыт орнаған.<br>Сайраңдаймыз саяңда<br>Ерікті ұлан – біз балаң.<br>**ІІІ.Ой қозғау**<br>**Ашық сұрақтар**<br>Өлең не туралы айтылған? Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз?<br>Біз қандай мемлекетте тұрамыз?<br>Біздің Отанымыз не?<br>ҚР рәміздерін ата ? Оларға сипаттама беру<br>Астанамыз қалай аталады? Сендер қай обылыста тұрасыңдар?<br>**Ой дамыту.** | **Ой дамыту**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>Астана қаласындағы көрікті жерлермен таныстыру.<br>**Бәйтерек -**Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі.<br>**Тосын сәт.**<br>Осы кезде жетекшінің қалта телефонына хабарлама келеді. Жетекші ашып оқиды.<br>Балалар қарандаршы бізге асқа топтың балалары хабарлама жіберіпті:<br>«Амансыңдарма? Астанаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бар.<br>Бұл еліміздің табиғатының алуан түрлі екенін көрсетеді. Осы түстер нені білдіреді?<br>-Балалар,біз қазір елді мекендер үсті-нен ұшып барамыз: кішкентай үйлер, киіз үйлер, жайлауда мал жайылып жүр, ешқандай көлік түрлері, түтіндеп жатқан фабрикалар мен зауыттар көрінбейді.<br>Табиғаты әсем,ауасы таза, суы мөлдір.<br>Бұл не екен?(Ауыл).<br>**Ой дамыту.**<br>Суретке сөйлем құрау.<br>**Ауыл туралы кім тақпақ біледі?**<br>Біздің ауыл тамаша!<br>Көз тоймайды қараса...<br>Ағып жатыр өзені,<br>Шулап жатыр | **арқылы үй құрастыру. Үйдің ауласына ағаштар жапсыру.**<br>Біз ақылды балалармыз<br>Үйіміздің жанына достық ағаштарын ектік.<br>Біз бір-бірімізді тыңдаймыз<br>Біздер ренжісуді білмейміз<br>Біз ештеңе қызғанбаймыз<br>**3–топ. Қамқоршылар үйі**<br>**«Пазл» арқылы үй құрастыру.Үйдің жанына ермексаздан жол салу.**<br>**Сипаттама.**<br>Біз қамқор балалармыз.<br>Достарымызға көмектесуге дайынбыз.<br>Мына жол арқылы бір-бірімізге барып тұрамыз.<br>Достарымызға жақсылық жасаймыз.<br>**Сергіту сәті:** Саусақтар шыншыр болады,<br>Үзілмейді тартсаңда. | үлкен<br>Қазақстан туған ел.<br>**Дид ойын: «Туған жерді гүлдендір»**<br>Шарты: Ортақ ағашқа гүл, жүрек, күн т.б суреттер жапсыру.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Дид ойын: «Сипатта»**<br>**Шарты:**Туған жер туралы суретке әңгіме құрау.<br>**Туған жер туралы тақпақ**<br>Өтебай Тұрманжанов<br>Көгінде күн нұрын төккен,<br>Жерінде гүл жұпар сепкен.<br>Неткен сұлу, неткен көркем!<br>Осы менің туған өлкем! **Сергіту жаттығуы:**<br>Бәйтерекке ұқсайық,<br>Қолды көкке созайық. | **АКТ технологиясы.**<br>**Слайд қарау**<br>Отан туралы тақпақ жаттау.<br>–Мағынасын түсіндіру.<br>Отанды жас ,кәріміз де<br>Туған жер деп сүйеміз<br>Өйткені онда бәріміз де<br>Туып өмір сүреміз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанды ұрайық<br>Оңға қарай бұрылып,<br>Солға қарай бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып<br>Бой сергітіп алайық.<br>**Дид ойын: «Бөлшектерді құрастыр»**<br>Шарты: Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады.<br>**Дид ойын: «Менің ауылым»** | жеттіңіздерме? Біз Бәйтеректі көргіміз келеді деген.<br>Ендеше балалар біз Бәйтерек макетін құрастырып сыйлыққа апарайық<br>**Дидойын:«Бәйтерек»**<br>Бәйтеректеқандайпішіндер бар?<br>Төбесі неге ұқсайды?<br>Балалардың суретті құрастыру жолдарын бақылау.<br>**Құрастыру жұмысын бағалау.**<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз кішкентай баламыз<br>Өсіп-өніп толамыз<br>Күнге қарай талпынып<br>Көкке қолды созамыз<br>Қанат қағып ұшамыз<br>Орнымызды табамыз<br>- Балалар сендер Астана туралы тақпақ білесіңдерме?<br>**Тақпақ: Астанам**<br>Ардақталды **Астанам,**<br>Мәртебелі бас қалам. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шағала*<br>***2- аялдама***<br>*-Бұл еліміздің ең басты қаламыз Астана.*<br>*Астананың үстінен ұшып барамыз.*<br>*-Астана қаласындағы ғимараттардың суреттерін көрсету, сөйлем құрау*<br>***3- аялдама:***<br>***Дид ойын:«Жақсыма?»***<br>*-Күн шыққаны жақсыма?*<br>*-Жел соққаны жақсыма?*<br>*Достарыңмен бірге жүрген жақсыма?*<br>*Анаңды құшақтаған жақсыма?*<br>*Отаныңда өмір сүрген жақсыма?*<br>*-Үйде болған жақсыма?*<br>*-Би билеген жақсыма?*<br>*-Отанымның азаматы болған жақсыма?* | *Ал,піл келіп шынжырды,*<br>*Үзіп кетті басқанда*<br>*Тұмсығымен доп іздеп,*<br>*Ойнағысы келіп тұр.*<br>*Достық үшін пілге мен,*<br>*Гүл сыйлағым келіп тұр.*<br>***Дид ойын: «Көпір».***<br>***Шарты:*** *Еденге ұзынша лента «көпір» ретінде төселеді. Лентаның екі шетінен екі топтың балалары бір-біріне қарама-қарсы шығады. Балалар көпірден бір-біріне көмектесіп жол беріп, орындарын ауыстырып өтуі керек.*<br>***Балаларды мадақтау***<br><br>***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы:*** *Туған өлке .Ө.Тұрманжанов*<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Үлкенге де сіз,*<br>*Кішіге де сіз.*<br>*Барша жанды құрметтеп,*<br>*Бас иеміз біз.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Суретпен жұмыс***<br>*Тақтаға ауылдың* | *Самұрық болып ұшайық,*<br>*Ұямызға қонайық.*<br><br>***Шығармашылық бұрыш.***<br>*Геометриялық пішіндер арқылы топқа бөлу.*<br>***1-топ:*** *Бәйтеректі құрастыру*<br>***2-топ:*** *Ермексаздан жұмыртқа жасау.*<br>***3-топ:*** *Көп қабатты үй салу.*<br>***Тақпақ: Отан***<br>*Бақытты боп жүргенім*<br>*Сенің арқаң, Ұлы Отан.*<br>*Елім менің –тірегім,*<br>*Құшағында гүл атам.*<br>***Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.* | *А3 форматқа ауыл суретін жапсыру, жапсырған суреттердегі ағаштарды, үйлерді бояу. Ағаштарға қар ұшқындарын ақ түспен ермексаз арқылы салу.*<br>***Отан туралы мақал мәтел***<br>*1. Отан оттан да ыстық.*<br>*2. Туған жердей жер болмас,*<br>*Туған елдей ел болмас.*<br>***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.*<br>*Не туралы әңгімелестік?*<br>*Туған жер дегеніміз не?*<br>*-Біздің аулымыз қалай аталады?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Соқыр теке»*** | *Көркейе бер күн сайын,*<br>*Алға қарай, бас қадам.*<br>*Ендеше балалар туған жерге ораламызба?*<br>*Туған жерге оралу.*<br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*-Балалар сендерге саяхат ұнады ма?*<br>*- Міне біз туған жерімізгеде,*<br>*Өз балабақшамызға оралдық.*<br>*- Туған жеріміз қалай аталады?*<br>*- Балабақшамыз қалай аталады?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: «Менің Отаным»***<br>***Музыкалық сәлемдесу.***<br>*Балаларға кезекпен допты лақтыру арқылы сұрақтар қойылады, жауаптары тыңдалады. Әңгіме* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Жарайсыңдар!*** ***4- аялдама.*** ***Тосын сәт.*** ***Күннің қонаққа келуі.*** *-Сәлеметсің бе,Күн шуағы!* *Сенің шуағың ертемен бізді оятты.* *Күн шуағы бізге әрдайым нұрын шашады.Рақмет саған!* *Біз өстік,саған қарай қол созамыз,* *Бір-бірімізге жақсы көңіл күй сыйлайық.* *Күн шуағы,сен бүгін бізбен бірге бол!* *Балалар күн көңілсіз сияқты, ол күлмейді.* *Күн, күн сен неге көңілсізсің?* ***Тәрбиеші:*** *Менің шуақтарымды орманда ағаштар, құстар, өзендер алып қалды. Мен сондықтан көңілсізбін.* *Балалар күнге* | *таныс жерлері мен ғимарат-тардың суреттерін іліп, балалардың назарларын суретке аударып, сұрақтар қою.* *-Мына суреттер сендерге таныс па?* *-Біз тұратын ауыл қалай аталады?* ***Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру.*** *Көгінде күн нұрын төккен,* *Жерінде гүл жұпар сепкен.* *Неткен сұлу,неткен көркем,* *Осы менің туған өлкем!* ***Ой қозғау.:*** *-Балалар,өлең ұнады ма?* *Не туралы жазылған?* *Мадақтау* ***Сергіту сәті.*** *Орнымыздан тұрайық,* *Алақанды ұрайық* *Оңға қарай бұрылып,* *Солға қарай бұрылып,* *Бір отырып, бір тұрып* *Бой сергітіп алайық.* | *Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.* ***Тосын сәт*** *Ұлттық киім киген Серік атты қуыршаққа назар аудартады. Қуыршақ өзімен бірге дорба ала келіпті. Балаларға дорбада спортзалда ойнайтын қандай заттар жатқанын сыртынан ұстап көріп табуды ұсынады. Қолдарына сылдырмақ ұстап, тізбекте бір-бірден жүру, қолға арналған тапсырмамен – сылдырмақты жоғары, екі жаққа – арақашықтықты сақтау, басты тік ұстау.* *Негізгі бөлім* *Шеңбер бойымен тұрып сылдырмақтармен* | ***Мақсаты: Балаларды дыбысты естуге сезініге үйрету. Балаларды сипау арқылы тану.*** | *өткізеді:* *– Сен қай мемлекетте тұрасың?* *– Қазақстанның қандай қалаларын білесің?* *– Отан, туған жер туралы қандай ән білесің* ***Музыка тыңдау:***«*Керуен» (муз. К. Дүйсекеев). – Керуен деген не, білесің бе? – Керуенге қандай жануарлар қолданылады? – Бұл шығарманың қарқыны қандай? – Неліктен жай, асықпай орындалады деп ойлайсың?* ***Дауыс жаттығулары:***«*Тик-так», «Жаңғырық» жаттығулары. Тынысты дұрыс алу ережесін сақтап, таза айтуға баулу.* ***Ән айту:***«*Отаным» (муз. мен сөзі Д. Қиқымов).* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *көмектесеміз бе?*<br>***Дид ойын: «Күн шуақтары»***<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ:*** *Күннің шуақтарын құрастыру*<br>***2-топ:*** *Шуақтарын сары түспен бояу.*<br>***3-топ:*** *Күнге шуақтарын жапсыру.*<br>***Қортынды. Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру.***<br>***Туған өлке***<br>*Көгінде күн нұрын төккен,*<br>*Жерінде гүл жұпар сепкен.*<br>*Неткен сұлу,неткен көркем,*<br>*Осы менің туған өлкем!*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені* | ***Дид ойын: «Бөлшектерді құрастыр»***<br>*Шарты: Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады.*<br><br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Түйе-түйе»***<br>***Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа тәрбиелеу.*** | *ЖДЖ жасау*<br>*Негізгі қимылдарды орындау:*<br>***1.Алға қарай екі аяқпен секіру.***<br>*Қуыршақ Серікке дейін секіріп, сылдырмақты дорбаға салу, залдың қарсы жағындағы доп салынған себетке дейін секіру*<br>***2.Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру.*** *Допты кеуде тұсында дұрыс ұстауына назар аудару, доптың соңынан белгі берілгенде ғана жүгіру.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Марғаулар мен балақайлар».***<br>*Балаларды ек топқа бөледі – «Марғаулар» және «балақайлар».*<br>*Балалардың жанына келіп: «Сүт! Кім сүт ішеді?» – деп, сүт құйып* | | *Отан – туған еліміз,*<br>*Отан – туған жеріміз.*<br>*Отан – ортақ үйіміз,*<br>*Көңілді ән мен күйіміз. (Е. Өтетілеуұлы) Өлеңді оқып, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Әнді орындаудан алған толғаныстарын, сезімдерін әңгімелеп берулерін сұрау. Әннің мәтінін, сөздерін еске сақтауға қалыптастыру. Әнді көңілді, қуанышты, салтанатты орындауға үйрету.Ән көңілді екпінде орындалатынын ерекше атап айту.Көңілді – веселый*<br>***Аспаппен танысу:***<br>*Асатаяқ және тұяқтас аспаптарымен таныстыру. Жасалу жолдарын, құрылысын, ұрмалы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>*Шеңбер бойымен жай жүру .*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>***Қызығушылықты ояту***<br>*Балалар, біз бүгін кімге қонаққа баратынымызды табыңдаршы.*<br>*Көп болса да аяғы, Тек жорғалап жүреді.*<br>*Денесі жасыл буылтық, Жапырақ оныңқорегі.*<br>***(Жұлдызқұрт)***<br>***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>***«Көбелектер»***<br>***«Көбелектер ұшады»*** *–б.қ., аяқтар сәл алшақ қойылған, қолдар төменде.*<br>*Қолдыекі жаққа созып, құлашын* | | *жатқандай қимыл жасайды.*<br>*Марғауларды сызыққа дейін ғана ұстап алуға болатынын ескертеді.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Теңге ілу»***<br>***Мақсаты: Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Баланы шапшаңдыққа, ептілікке баулу.*** | | *аспап екенін түсіндіру. «Сәулем-ай» (қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбай). Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезіне дәл ойнауға үйрету.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Туған жеріңнің табиғаты мына суреттердің қайсысына ұнайды? Сүйікті Отаныңды, туған жеріңді сүю деген не? Достарыңа әңгімелеп бер.*<br><br>***Ұ.О Таұырыбы: « Көкпар»***<br><br>***Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Ойын арқылы баланы батырлыққа, күштілікке, ептілікке баулу.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *сермейді, төмен түсіреді. 5 рет қайталайды.* ***«Көбелектер су ішеді»****–б.қ.,алдыңғыдай. Еңкейеді, қолын артқа апарады, түзеледІ.. 4 рет қайталайды.* ***«Көбелектер отырды»*** *–б.қ., алдыңғыдай. Отырады, қолды тізенің үстінеқояды, түзеледІ.. 5 ретқайталайды.* ***«Көбелектер алаңқайға ұшып кетті»*** *– б.қ., аяқтары бірге, қолдары дене бітімінің бойында. Бір орында секіру, қолды құлаштапсермеу.* ***Қимылдың негізгі түрлері: «Жұлдызқұрт» ойынын ойнайық.*** *1.«Жұлдызқұртты аттап өт»* | | | | *(Бағдарлама) «Аспан әлемі»* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *гимнастикалық сәкіде жұлдызқұрттан аттап өту. (Жұлдызқұрт балаларға кедергі жасап сәкіде жатады).<br>2.Доға астынан өт. (доға астына жорғалау)<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұлдызқұрт»<br>Балалар бірінің артынан бірі «жұлдызқұрт» болып тізбектеліп тұрады<br>Бірінші ойыншы «басы», соңғысы – құйрығы.<br>Музыка ырғағымен жұлдызқұрт алға қарай жорғалайды, басы әртүрлі би қимылдарын көрсетеді (қолымен, денесімен, аяғымен, басымен), басқалары бұл қимылдарды қайталауға* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тырысады. «Бас» шаршаған кезде, артында тұрған келесі ойыншыға бұрылып, оның басынан сипайды, ал өзі тізбектің соңына барып тұрады* | | | | |
| Серуенге дайындық | ***Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека № 5*** *Қыстап қалатын құстарды бақылау.* | ***Картотека № 6*** *Айналадағы адамның қысқы еңбегі* | ***Картотека № 11*** *Күнді бақылау.* | ***Картотека № 13*** *Бұлтты бақылау.* | ***Картотека № 14*** *Торғайды бақылау.* |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Қысқы серуен картотекасынан*** | | | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін тәртіппен шешіп, сөресіне жинау.* ***Тазалық*** | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін ұқыптап шешуге, орындарына қоюға баулу.* | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинақтап қою.* ***Тазалық*** | ***Киімдерін шешу:*** *Әр бала киімін шешкен соң бүктеп, орнына қоюға үйрету.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балалар киімдерін ретімен шешіп, сөрелерін таза ұстауға* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, сүрту.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуынғанда сабынды дұрыс қолдануды үйрету.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Қолдарын жуып болған соң асханаға дайындалу.* | ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жууға дағдыландыру.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамай, сабынды артық қолданбау.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Таза қолмен ас ішуді еске салу.* | ***процедуралары:*** *Қолдарын жақсылап сабындап жуу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде суды төкпеуге үйрету.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Балаларды орындарына отырғызу.* | ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын екі рет сабындап жууға баулу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамауды қадағалау.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Ас ішер алдында қолдарын тазалау.* | *дағдыланады.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын жуған соң сүлгісін орнына қою.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде тыныш болу.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Ас алдында қолдарын жууын еске салу.* |
| Түскі ас | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Су – бізге қажет. Су болмаса, өсімдік те, адам да өмір сүре алмайды. Сондықтан суды үнемдеу керек.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су шашпаймыз, еденді былғамаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Дастарқандағы әр тағам – еңбек жемісі. Оны қадірлеп, төкпей жеуіміз керек.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде ойнамаймыз, тыныш отырамыз.* | ***Әңгіме:*** *– Алма, алмұрт, жүзім – дәруменге бай. Жемістерді жесек, денеміз қуатты болады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Жемістерді шағып емес, шайнап жейміз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішіп отырғанда тәртіпті болу – мәдениеттілік. Әдепті бала – барлығына үлгі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Дастарқан басында шуламаймыз, ыдысты төкпейміз.* | ***Әңгіме:*** *– Асымызды қалдырмай, тауысып жеу – еңбекті бағалау. Артық алып қалдырсақ, ол ысырап болады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде асықпай шайнаймыз.* |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |
| Ұйқыдан | ***Жаттығу кешені*** | ***Жаттығу кешені №7*** | ***Жаттығу кешені*** | ***Жаттығу кешені*** | ***Жаттығу кешені*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***№6***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.* | *Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.* | ***№8***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық* | ***№9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық* | ***№10***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, қунап алайық ,*<br>*Самал жел бізге желпісін,*<br>*Ұйқымызды ашайық* |
| | ***Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын  түсіндіру.***<br>***«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.***<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Сусыз өмір жоқ. Бетімізді, қолымызды жуған кезде суды тек қажетіне қарай пайдалануымыз керек. Суды босқа ағызу – ысырап. Үнемді бала табиғатты да қорғайды.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жуыну кезінде еденге суды шашпаймыз, абайлап қозғалуымыз керек. Ылғал жерде* | ***Әңгіме:***<br>*– Әр түйір ас – бағалы. Дастарқан үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Тамақты төкпей-шашпай, тауысып жеу – еңбекті бағалау.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, оларды бір-бірімізге бағыттамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, суды босқа ағызбайық. Қол, бет жуған кезде кранды ашып қоймай, қажетті мөлшерде ғана қолдану керек. Ас үстінде де асты төкпей-шашпай жеу – үнемділіктің белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Әрбір тағам – үлкендердің маңдай терімен келген ризық. Сондықтан нанды жерге тастамауымыз керек, тамақты ысырап етпей, мөлшермен ғана алуымыз қажет.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде ауыз толған кезде сөйлемейміз, асықпай шайнаймыз. Бұл тамақтың жақсы қортылуына және қауіпсіздікке пайдалы* | ***Әңгіме:***<br>*– Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты дұрыс пайдалансақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде жан-жағымызға алаңдамаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *абайсыз жүрсек – құлап қалуымыз мүмкін.* | | *Жүгірмесек – қауіпсіз боламыз.* | | *«Рахмет» айтуды ұмытпаймыз* |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | ***Ж.Мұхамеджановтың «Сыйлаймын» өлеңінжаттау Сыйлаймын***<br>*Атамененананың*<br>*Айтқантіліналамын.*<br>*Үлкенкісіжұмсаса,*<br>*Қайдаболсынбарамын.*<br>*Төсектіөзімжинайымын,*<br>*Ешкімді де ұрмаймын.*<br>*Ешкіммағантимейді,*<br>*Мен де бәрінсыйлаймын.*<br><br>***Қауіпсіздік ережесі***<br>***«Егер бейтаныс адам есікті қақса» Ойын жаттығулары***<br>***Мақсаты: Балаларды үйде жалғыз болған кезде есікті ашуға үйретіңіз, тек*** | ***«Біздің шаңырақ» Е.Өтетілеуов***<br>*Атамнан басталар*<br>*Әжеммен қосталар*<br>*Отбасым мынылар:*<br>*Ең жақын адамдар*<br>*Әкем мен анам бар*<br>*Бір туған ағам бар*<br>*Бір туған апам бар...*<br>*Бәрін жақсы көремін*<br><br>***Өрт қауіпсіздігі «Телефондағы диалогтар»***<br>***Мақсаты. Балаларды телефонда нөмірді дұрыс теруге және сұрақтарға нақты және нақты жауап беруге үйрету.*** | ***Отан. Ж Әбдірашев.***<br>*«Отан - атам,*<br>*Отан - әкем!»*<br>*Осы сөзім қате мекен?!*<br>*Қате болса,Неге біздер*<br>*Дейміз оны «Атамекен?!»*<br>*«Отан - әжем,*<br>*Отан – анам!»*<br>*Туған жер! деп,*<br>*Ол бекерге аталмаған.....*<br>*Атам, әжем, әкем, анам*<br>*Төртеуі де «Отан!» маған*<br><br>***Жол ережесі «Дұрыс, дұрыс емес»***<br>***Мақсаты: балалармен көшеде және жол белгілерінде қауіпсіз жүріс-*** | ***Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»***<br>*Бақыт деген, шырағым*<br>*Мынау әсем тұрағың.*<br>*Ну ормандар, гүл бағы,*<br>*Күннің күліп тұрғаны*<br>*БАҚЫТ- дәні даланың.*<br>*«Ботам» деуіәженің,*<br>*Тыныштығыәлемнің.*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*<br>***Тосын сәт***<br>*Ұлттық киім киген Серік атты қуыршаққа назар аудартады. Қуыршақ өзімен бірге дорба ала келіпті. Балаларға дорбада спортзалда ойнайтын қандай* | ***Ой қозғау.***<br>*Республикамыз, яғни еліміз қалай аталады?*<br>*- Елбасымыз кім?*<br>*- Мемлекеттік Рәміздерді кім айтады??*<br>*-Жарайсыңдар, елордамыз қай қала?*<br>*Астанада не бар?*<br>***АКТ технологиясымен жұмыс. Слайд.***<br>*Байтерек туралы түсінік беру.*<br>***Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.***<br>*Үлгіні талдау.*<br>*Балалардың өз бетінше жұмысы*<br>***Дид ойын: «Біздің көрме***<br>*Шарты: Салған суреттерді тақтаға іліп, бір-бірін бағалау.*<br>***Қорытынды.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***олармен бір пәтерде тұратын адамдарға ғана.*** | | ***тұрыс ережелерін нығайту.*** | *заттар жатқанын сыртынан ұстап көріп табуды ұсынады. Қолдарына сылдырмақ ұстап, тізбекте бір-бірден жүру, қолға арналған тапсырмамен – сылдырмақты жоғары, екі жаққа – арақашықтықты сақтау, басты тік ұстау.*<br>*Негізгі бөлім*<br>*Шеңбер бойымен тұрып сылдырмақтармен ЖДЖ жасау*<br>*Негізгі қимылдарды орындау:*<br>***1.Алға қарай екі аяқпен секіру****.*<br>*Қуыршақ Серікке дейін секіріп, сылдырмақты дорбаға салу, залдың қарсы жағындағы доп салынған себетке дейін секіру*<br>***2.Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру.*** *Допты кеуде тұсында дұрыс ұстауына назар* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *аудару, доптың соңынан белгі берілгенде ғана жүгіру.* ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Марғаулар мен балақайлар».*** *Балаларды ек топқа бөледі – «Марғаулар» және «балақайлар». Балалардың жанына келіп: «Сүт! Кім сүт ішеді?» – деп, сүт құйып жатқандай қимыл жасайды. Марғауларды сызыққа дейін ғана ұстап алуға болатынын ескертеді.* | |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Тақырыбы: «Жақсы – жаман қылық»*** ***Мақсаты:*** *Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші жағдаят айтады («Досымды итердім», «Досыма көмектестім»). Бала «Жақсы» немесе «Жаман» деп жауап береді.* | ***Тақырыбы: «Қайда жасырынды?»*** ***Мақсаты:*** *Баланың зейінін, есте сақтауын дамыту.* ***Шарты:*** *Бір ойыншықты үстелдің астына не артқа жасырып қояды. «Қайда жасырынды?» деп сұрайды.* | ***Тақырыбы: «Жақсы іс ойлап тап»*** ***Мақсаты:*** *Қиялды, әлеуметтік дағдыларды дамыту.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші сұрайды: «Егер досың жыласа, не істейсің?». Бала өз ойымен бөліседі.* | ***Тақырыбы: «Суретті аяқта»*** ***Мақсаты:*** *Шығармашылық қабілетін дамыту.* ***Шарты:*** *Жартылай салынған сурет беріледі (мысалы, тек дөңгелек). Бала оны күн, доп, алма етіп толықтырады.* | ***Тақырыбы: «Түстерді тап»*** ***Мақсаты:*** *Танымдық қабілетін дамыту.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші: «Маған қызыл түсті ойыншықты көрсет» дейді. Бала дұрыс түсті табуы тиіс.* |
| Серуенге дайындық | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| Серуен | ***Картотека № 5***<br>*Қыстап қалатын құстарды бақылау.* | ***Картотека № 6***<br>*Айналадағы адамның қысқы еңбегі* | ***Картотека № 11***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека № 13***<br>*Бұлтты бақылау.* | ***Картотека № 14***<br>*Торғайды бақылау.* |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін тәртіппен шешіп, сөресіне жинау.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуып, сүрту.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуынғанда сабынды дұрыс қолдануды үйрету.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Қолдарын жуып болған соң асханаға дайындалу.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларды киімдерін ұқыптап шешуге, орындарына қоюға баулу.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жууға дағдыландыру.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен ойнамай, сабынды артық қолданбау.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Таза қолмен ас ішуді еске салу.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинақтап қою.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап сабындап жуу.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде суды төкпеуге үйрету.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды орындарына* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Әр бала киімін шешкен соң бүктеп, орнына қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын екі рет сабындап жууға баулу.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен ойнамауды қадағалау.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас ішер алдында қолдарын тазалау.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балалар киімдерін ретімен шешіп, сөрелерін таза ұстауға дағдыланады.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жуған соң сүлгісін орнына қою.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде тыныш болу.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Ас алдында қолдарын* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *отырғызу.* | | *жууын еске салу.* |
| Кешкі ас | ***Үнемді тұтыну- «Суды,тамақты, энергияны үнемді тұтыну***Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) *Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау* | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті | Балалардың таңдау бойынша ышығармашылық іс-шаралар: сурет салу, мүсіндеу, оригами, қысқы көрініс коллажы. | Құрылыс және құрастыру ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр» | Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар | Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру | Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Өнегелі-15 минут. Ата-анамен баланың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| | *Бүгін балалар құлақ арқылы дыбысты қайдан шыққанын тапты. Тыңдау қабілетін дамытты. Үйде қоңырау немесе затпен дыбыс шығарып, «қайдан естідің?» ойынын ойнаңыз.* | *Бүгін балалар қолдарын бояуға малып, із қалдырды. Шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Үйде саусақпен сурет салуға жағдай жасаңыз.* | *Бүгін балалар әртүрлі киімдерді киіп, «сән көрсетілімін» ойнады. Өзін сенімді ұстауға талпынды. Үйде «киім таңдау» ойынын ойнасаңыздар қызық болады.* | *Бүгін балалар жануарлардың қозғалысын салып көрсетті. Қимыл-қозғалысын дамытты. Үйде «мысық сияқты жүр», «құстай ұш» ойынын ойнауға болады.* | *Бүгін балалар үстел үстінде түрлі заттарды салыстырды (ауыр–жеңіл). Салыстыру дағдысын дамытты. Үйде қасық, ойыншық арқылы «қайсысы ауыр?» деп сұраңыз.* |

Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айының 3-аптасы**

**Топ:** Орта топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Қандай кезеңге жасалды:** 15.12 – 19.12.2025ж
***Апта дәйексөзі: «Бірлік болмай тірлік болмас»***

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** ***«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау*** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | ***Күй күмбірі - баланы өнерге баулу, әсемдікке жетелеу. «Балбырауын»*** | ***Күй күмбірі – қазақ халқының асыл мұрасымен балаға дәріптеу*** | ***Күй күмбірі – бүлдіршіннің көңілін көтеру, қазақ мәдениетіне жақындату. «Табиғат»*** | ***Күй күмбірі – баланы мейіріммен қарсы алу, өнерге баулу. «Ана толғауы»*** |
| | *Баланы есікте қарсы алып, есімін атау. Қуанышпен қол бұлғауға үйрету. Жұмсақ ойыншықпен ойнауға шақыру.* | *Баланы есімімен атап қарсы алу. Баланың көңіл-күйін сұрау. Үстел үстіне кубиктер қою. Баланы достарымен бірге ойнауға тарту.* | *Баланы жылы жүзбен қарсы алу. «Қайырлы таң, досым» ойынын қолдану. Пазл жинауға шақыру.* | *Баланы есімімен атап қарсы алу. Амандасуға үйрету. Баланы кітап қарауға бағыттау. Достарымен ортақ әңгімеге* қосу. |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | ***Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы, мінез –құлқы туралы кеңес беру.*** | | | |
| | ***Әңгіме:*** *Қуаныш пен шаттық – баланың жан дүниесін байытады. Көңілді бала әрқашан белсенді болады.* ***Кеңес:*** *Балаңызға күлімдеуді, жақсы сөз айтуды үйретіңіз. Бұл – оның көңіл-күйін* | ***Әңгіме:*** *Ұжымшылдық – баланы ұйымшыл болуға баулиды. Ұжымшыл бала достарымен жақсы тіл табысады.* ***Кеңес:*** *Балаңызды ойын кезінде бірлесе әрекет етуге, бөлісуге үйретіңіз.* | ***Әңгіме:*** *Ар-намыс – адамның қадір-қасиетінің негізі. Арлы бала өтірік айтпайды.* ***Кеңес:*** *Балаңызды әрқашан шындықты айтуға және қателігін мойындауға үйретіңіз.* | ***Әңгіме:*** *Ұқыптылық – табыстың сыры. Ұқыпты бала өмірде көп жетістікке жетеді.* ***Кеңес:*** *Балаңызды киімін таза ұстауға, дәптерін бүлдірмей ұстауға үйретіңіз.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *көтереді.* | | | |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***Картотека № 7 «Табиғат құбылыстарын ата»*** *Мақсаты: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.* | ***Картотека № 9 «Бұл қандай құс?»*** *Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.* | ***Картотека № 11 «Жалпы атауын ата»*** *Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке танытакеле, енсоңындазаттардыңжалпы атауынбірсөзбенойланаотырыпшешудетапқырлыққа, шапшандыққа баулу.* | ***Картотека № 13 «Не артық?»*** *Мақсаты: Балаларды суретке қарап , оларды топтастыруғаүйрету. Суреттетұрғанартықзаттытабабілу, сипаттама беру.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Желтоқсан айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | |
| Таңғы ас | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Су – табиғаттың сыйы. Оны артық ағызбай, тек керек кезде ғана қолданайық.* ***Психологиялық тәрбие:*** *– Суды бағалаған бала қоршаған ортаны сүйеді.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су төгілген жерде жүгірмейміз, тайып құлап қалуымыз мүмкін.* | ***Әңгіме:*** *– Сүт, айран, ет, көкөніс – бәрінде дәрумен бар. Оларды жесек, қуатты, көңілді боламыз.* ***Психологиялық тәрбие:*** *– Дұрыс тамақтанған бала өзіне сенімді болады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық тағамды абайлап ұстаймыз, күйіп қалмау үшін* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде досымызға кедергі жасамай, оған үлгі болайық. Қамқорлық – достықты нығайтады.* ***Психологиялық тәрбие:*** *– Қамқор бала мейірімді, жүрегі кең болады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымыздағы қасықты сермемейміз, басқаларға тигізбей ұстаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішіп отырып тәртіп сақтасақ, бәрі бізге риза болады. Әдептілік – тәрбиенің көрінісі.* ***Психологиялық тәрбие:*** *– Әдепті бала өзін де, өзгелерді де сыйлайды.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде ойыншық әкелмейміз, шуламаймыз.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *асықпаймыз.* | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Сиқырлы қылқалам»***<br>*Тәрбиеші: «Қолымызда көзге көрінбейтін қылқалам бар. Қане, қиялмен сурет салайық!»*<br>*Балалар ауада сурет салады: күн, гүл, үй, жүрек.*<br>***Мақсаты:*** *қиялды, шығармашылық ойлауды дамыту.* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Қол еңбегі»***<br>*Балалар қолдарын жұмсақ қимылмен қимылдатады: «Егін егеміз, суарамыз, жинаймыз».*<br>***Мақсаты:*** *еңбектің қарапайым түрлерін түсіндіру.* | ***«Смарт бала» жобасы***<br>***Ойын: «Сиқырлы қорап»***<br>*Тәрбиеші қорапқа ойыншық салады. «Қолыңды сал да, сипап көріп айт – ішінде не бар?»*<br>*Балалар сипап, жауап береді.*<br>***Мақсаты:*** *ойлау, сезімталдықты дамыту.* | ***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы***<br>***Ойын: «Егер де...»***<br>*Тәрбиеші: «Егер де мен құс болсам...»*<br>*Балалар: «Ұшып кетер едім».*<br>*Тәрбиеші: «Егер де мен гүл болсам...»*<br>*Балалар: «Жайнап тұрар едім».*<br>***Мақсаты:*** *ойлау мен қиялды дамыту.* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | ***«Қамқор» жобасы бағыты, «Шабыт» жобасы бағыты - экологиялық мәдениет қалыптастыру,*** | | | |
| | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Қуыршақ Айгүл келеді, амандасады.*<br>*Қуыршақ :* ***«Ақшақар мені сыртта ойнауға шақырды. Қыста далада қандай ойындар ойнайтынын білмеймін. Маған көмектесіңдерші балалар»***<br>***Ой дамыту***<br>***АҚТ технология жұмыс.***<br>*Балалар суретке қараңдар. Қыс келіп, көп қар әкелді. Балалар серуендеуге шықты.*<br>***Дид ойын: «Суреттер*** | ***Таңғажайып сәт.***<br>*Қар Ханшайымының сәлемдемесі.*<br>***Сиқырлы сандықша.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>***Жұмбақтың шешуі арқылы***<br>*Сандықшаның ашылуы*<br>*Тапсырмаларды орындау.*<br>***Ой дамыту***<br>***1 тапсырма***<br>***Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?»*** *Мнемо кестемен жұмыс*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*- Қыс мезгілі.* | ***Тосын сәт***<br>***Есікті қағып.***<br>*Қуыршақ Маша қонаққа келеді.*<br>*Балалармен амандасу.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Тәрбиеші :*** *Балалар, қараңдаршы бізге қонаққа кім келді. Бұл Маша қуыршақ. Оның қалай киінгенін көрдіңдер ме? бе? Ол неге олай киінген? (балалар жауаптары)*<br>*Дұрыс, қазір қыс, суық, қар жауды, жылы киіну* | *Балалар, мен бүгін* ***топқа*** *келіп, қылқаламдарды таба алмадым. Сендер олардың қайда екенін білесіңдерме?*<br>*Балалар: Жоқ, білмейміз.*<br>*Тәрбиеші: Бүгін сыртта ауа райы қандай екенін байқадыңдар ма?*<br>*Балалар: Қар жауып тұр, үйлердің төбесі, ағаштарды қар басқан, дала аппақ.*<br>***Өлең оқу.***<br>***Қыста қармен ойнаймыз,***<br>***Қызыққа біз тоймаймыз.***<br>***Таудан төмен сырғанап,***<br>***Шаңғы,шана тебеміз.*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***сөйлейді»***<br>***(суретттегі балаларға ат қою)***<br>*Марат шаңғыны алып, серуендеуге шықты.*<br>*-Айнұр қайда? (Міне Айнұр)*<br>*-Айнұр не мінеді? Ол шаңғы тебеді*<br>*- Қанат коньки алды.*<br>*- Қанат не тебеді?*<br>*Ол коньки тебеді*<br>*Самат шананы алып, төбеге қарай жүгірді.*<br>*- Самат неалды?*<br>*Ол шанаалды)*<br>*- Самат немінеді? Ол шанаменсырғанайды.*<br>*- Ару серуендеуге, қарменойнауғашықты.*<br>*Ару қар шарын жасады.*<br>*Қуыршақ : «О, балалар, ол қарды қалай жасады?»*<br>*-Ал енді біз саған үйретеміз.*<br>***Қуыршаққа тақпақ айтып берейік. Тақпақ.***<br>*Қар жауыпты далаға,*<br>*Қар жауыпты қалаға.*<br>*Сырғанаймыз енді біз,*<br>*Отырып ап шанаға.*<br><br>*Ойынқұмар көп бала,* | *Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады?*<br>*- Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады.*<br>*Қыс мезгілінде қалай киінеміз?*<br>*- Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз.*<br>*Сөздік жұмыс жүргізу.*<br>***2 тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Қысқы киімдерді құрастыру.*<br>***Сергіту сәті. «Боран»дауыс***<br>*Балалар ненің дауысын естіп тұрсыңдар?Боранның. Боранды қимылмен көрсетеміз*<br>*(қолдарын жоғары көтеріп жәй және қатты дыбыс шығарып гуілдейді.)*<br>*Ал, қатты аяз болғанда не істейміз? (қолдарын қусырып,аяқтарын топылдатады).*<br>*-Ал,күн шыққанда не істейсіңдер? («алақай»* | *керек.*<br>***Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, біздің қонағымыз неге екені белгісіз көңілсіз!***<br>***Маша, саған не болды.***<br>***Қуыршақ Маша:*** *Мен мұңайып отырмын, өйткені мен көңілсіз. Жаз мезгілінде мен өзенде жүзіп, жидектер мен гүлдер теретін едім, күзде мен саңырауқұлақтарға бардым, егін жинадым, енді қыс келді, мен не істерімді білмеймін.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Қысқы ойын-сауық туралы әңгімелесу. Балалар, Машаға айтайық қыс - жылдың тамаша мезгілі. Сыртта қызық болғандықтан үйге кіргіміз келмейді. Ал біз қыста далада қандай қызықты нәрселер жасаймыз. Шаңғы тебуге, коньки тебуге, хоккей ойнауға, қардан бекіністер* | *Өлеңде не туралы айтылған? Білесіңдер бе, мен осының суретін салғызу үшін* ***қылқаламды іздедім,*** *қылқаламдарды таппадым. Сендермаған басқа қандай тәсілдермен сурет салуға болатынын ұсына аласындарма?*<br>*Балалар: Саусақпен, алақанмен, таяқшаменсуретсалуғаболады.*<br>*Тәрбиеші: Әрине, біздемақта таяқшалары бар ғой, соларменсуретсалыпкөрейік.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Бізге қысты бейнелеу үшінтек суретшілер емес, жапсырушы, құрастырушы, мүсіндеушілер керек.*<br>***Қар басқан жол***<br>***Жем іздеген құстар***<br>***Мұз айдын***<br>***Қар жауып тұрған мезгіл***<br>*Міне қыстың осы бейнесін бейнелеу керекпіз.*<br>***Сол үшін топқа бөлінейік.***<br>***Мынау үлкен формат.***<br>***Осыған қыстың бейнесін салып, көрме жасаймыз.***<br>***1-топ:*** *Қар басқан* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Шұрқырасып топтала,<br>Аппақ қардан жасаймыз,<br>Әп-әдемі аққала<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>**Дид ойын: «Қар адам»**<br>**Шарты: Ермексаздан домалақтар аққала мүсінін жасау.**<br>**Аққала неше бөліктен тұрады?**<br>**Пішіні қандай?**<br>**Түсі қандай, неліктен ақ?**<br>- Қараңдаршы, балалар, тіпті балалар қардан аққала жасады.<br>-Ақшақардыңбасында не бар?<br>(Ақшақардыңбасындашелек бар)<br>- Аққаладамұрынныңорнына не бар?<br>(Ақшақардыңсәбізмұрны бар)<br>-Ақшақардыңқолында не бар?<br>(Ақшақардыңқолындасыпыр ғыш бар)<br>Дид ойын: «Не жетіспейді?»<br>Балалар біздің аққалаға сонда не жетіспейді? | деп қолдарын шапалақтайды).<br>қайталау.<br>**3 тапсырма. Ой қозғау**<br>Сұрақ- жауап.<br>Қардың артынан тапсырма орындау.<br>-Қоян қыста қандай түске енеді?<br>-Неліктен?<br>Аю қыста не істейді?<br>-Неге?<br>Түлкі мен қасқыр не істейді?<br>Қоян қыста ақ түске киімін ауыстырады, өйткені ол киім оны қыста жауларынан қор-ғануға көмектеседі.Қасқыр орманда, тауда тұрады, ет жегенді ұнатады.Аю ұйық-тайды, ол бал жейді.<br>Қу түлкі, тышқан, құс аулайды.<br>**4-тапсырма: Дид ойын: «Қыс келбеті»**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ: Майшам арқылы мұзды бейнелеу.**<br>**Шарты:** Ақ қағазға | салуға, қардан адам жасауға, қар лақтыруға болады.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**« Қысқы ойын-сауық » тақырыбына сюжеттік суреттер сериясын көрсету.**<br>**Тәрбиеші :**<br>1. Мына суреттегі кім? Олар не істеп жатыр?<br>2. Балалар құстарды немен тамақтандырады?<br>3. Қоректендіргішке қандай құстар ұшып келді (сауысқан, қарға, торғай)<br>4. Басқа балалар не істеп жатыр?<br>5. Шанамен кім айналысады? Олар қайда мінеді?<br>6. Шаңғымен кім айналысады? Олар қайда мінеді?<br>7. Басқа балалар не істеп жатыр?<br>8. Серуен кезінде балалардың көңіл-күйі қандай?<br>9. Қалай ойлайсыңдар, | жолдыортаға жапсыру.<br>**2-топ:** Құстар мүсіндеп ұяға жапсыру, жем мүсіндеп беру.<br>**2-топ:**Форматтың шетіне мұз айдын құрастыру.<br>**3-Топ:** Бәрінің үстінен щеткамен шашырату арқылы қар жаудыру.<br>**Жарайсыңдар балалар.**<br>Біз көрмемізді өз тобымдағы бұрышымызға ілеміз.<br>Енді осы суреттегі тақырыптар бойынша тақпақтар айту.<br>**Мұз. Қадыр Мырза Әли**<br>– Тазалашы, мұз болған<br>Есік алды тайғанақ!<br>– Жата берсін, біз оған<br>Теуіп жүрміз сырғанақ!<br>**Құстар**<br>Жылы жаққа ұшпайтын,<br>Біздің жақта қыстайтын<br>Құстар көрсең жуықта<br>Жем шашуды ұмытпа<br>Қортынды<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: Шырша жыры**<br>Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-Топ:*** *Аққаланың бас киімін салу, бояу.*<br>***2-Топ:*** *Мұрын, сыпырғыш жапсыру.*<br>*Сергіту сәті. Музыкамен*<br>***Ой дамыту***<br>*Қыста не істегендіұнатамыз?*<br>*Қаройнау, шаңғы тебу.*<br>*Мұзда коньки тебу*<br>*Шанаментаудантөментүсу.*<br>***Дид ойын:«Кімнемен ойнайды?»***<br>***Шарты:*** *Сәйкес суреті бар* ***қысқы қызықтарға*** *арналған суреттерді құрастыру.*<br>*Қуыршаққа беру.*<br>*Қуыршақ : Рахмет балалар! Сен маған бәрін жақсы айттың, көрсеттің. Мені Аққала күтіп қалған шығар, көшеге қарай жүгіремін, Сау болыңыздар.*<br>***Қортынды:***<br>*- Балалар, бізге кім келді?*<br>*- Қуыршаққа көмектестік пе?*<br>*-Жарайсыңдар балалар!* | *майшаммен шимай бейне салу.Үстін көк су бояқпен бояу.*<br>***2-топ:*** *Ағаштарға қар ұлпаларын жапсыру.*<br>***3-топ:*** *Құстардың ұясына ермексаздан діндер толтырп жасау.*<br>***Жасаған жұмыстарды суретке түсіріп, Қар ханшайымына жіберу.***<br>***Қортынды***<br>*Дид ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады* ***(Аяз)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.*<br>***(Мұз)***<br>***Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап алу ұіә аяқтау***<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім. Амандасу «Қатты-ақырын» ойын жаттығуы.***<br>*Тізбекте бір-бірден қолдарын түрлі қалыпта ұстап жүреді.*<br>*«Қатты» деген белгі* | *балалармен серуен қалай аяқталады?*<br>*10. Қар туралы не деуге болады? (жұмсақ, ылғалды, суық, қытырлақ.)*<br>***Сергіту сәті: Қыс қызығы. Музыкамен. ойынтүрі.***<br>***Дид ойын: «Машаға арналған қар адамдары»***<br>*Балалар, Машаға қардан емес, қағаздан қар жасауды үйретейік. Үстелде қағаз парақтары бар, онда дөңгелек пішіндер таратылған..*<br>*Пішіндерді ретімен қойып жапсырамыз, енді біз жарма ұнтағын, желіммен жағылған дайындаманың бетіне мұқият құйамыз.*<br>***Міне Маша қыста осылай қармен аққала жасап ойнауға болады.***<br>*Маша қуанып қол шапалақтайды.*<br>***2-ойын түрі:*** | *Айналамда ұшып жүр,*<br>*Ақ мамық қар себелеп.*<br>*Қалт-құлт еткен бейне бір,*<br>*Ақ қанатты көбелек.(З. Шүкіров)*<br>*-Балалар, айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар?*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыс сендерге несімен ұнады?*<br>*Аяз қысып,*<br>*Өрнек сызып,*<br>*Терезеңді торлайды.*<br>*Қарға омбығып,*<br>*Бет домбығып,*<br>*Балдырғандар ойнайды.*<br>*-Балалар, бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр.*<br>***Ән айту:*** *«Шырша жыры»Сөз: Ә. Дүйсенбиев. Әін: Л.Хамиден*<br>*Аппақ, аппақ,*<br>*Жапалақтап*<br>*Қар жауады тыңбастан*<br>*Қалың орман,*<br>*Қар жамылған,*<br>*Маужырайды түнгі аспан*<br>*О, алақай аяз ата!*<br>*Келе жатыр алыстан*<br>*Кел билейік, үйренейік*<br>*Ол келгенше жаңа жыр* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Денешынықтыиру***<br>***Сапқа бір қатармен тұру***<br>*Сапқа бір-бірлеп тұру ұсынылады.*<br>*Сапқа тұру ережесін түсіндіреді.*<br>*Сапқа бойдың ұзындығы бойынша тұратынын, яғни алдымен ең ұзыны, содан кейін сәл қысқалары, ең соңында бойы ең қысқасы тұратынын еске салады.*<br>***Негізгі бөлім****:*<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Жалаушамен***<br>***Б.қ.: «Желбірейді жалау»***<br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту. /4-5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Әткеншек»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /5 рет/*<br>***Б.қ.: «Кім жылдам»***<br>***3.*** *Аяқтарын алшық қою, отыру жалаушаны алға* | *бойынша – сылдырмақты сылдырлатады, «ақырын» деген белгі бойынша – аяқтарының ұшымен жүреді, тыныштық сақтауға тырысады.*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалардың назарын қарапайым қорапшаға аудару. Егер балалар педагогтің тапсырмасын дұрыс орындаса, қорапшада сыйлықтар болуы мүмкін.*<br>*Негізгі кезең.*<br>*Жалпы даму жаттығулары.*<br>*Сылдырмақпен*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Б. қ: «Ара ұшты»***<br>***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы»***<br>***2****. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған* | ***Дид ойын: «Маша шанамен сырғанайды»***<br>***Шарты:*** *Әр түрлі түсте қиылған геометриялық пішіндерден Машаға шана құрастырып беру. Шанаға жіп тақсақ Маша сүйреп жүруге ыңғайлы болады.*<br>***Дид ойын: «Шанаға жіп»***<br>***Шарты:*** *ермексаздан созу, есу арқылы шанаға жіп салу. Балалар бұл шанамен Маша қалай сырғанайды. Балалардың жауаптары.*<br>*Маша көңілді ме? Тағы да біздің Маша көңілді.*<br>*Тәрбиеші :*<br>*Маша : - Рахмет балалар, қазір мен мүлде мұңаймаймын. Енді мен қыстың жылдың тамаша мезгілі екенін білемін. Сау болыңдар балалар.*<br>***Талдау.*** | *Құтты болсың, құтты болсың*<br>*Құтты болсың, жаңа жыр.*<br>*Балалар жұмбақ –өлеңге жауап айтады.*<br>*Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.*<br>*Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау.*<br>***Әуенді – ырғақты қимылдар: «Көңілді балалар»*** *Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.*<br>*Би: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік) Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау****.***<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Бәйге»***<br>***Мақсаты: Қазақ халқының ерлік – жауынгершілік тарихын ұрпаққа ерліктің*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *созу,тұру жоғары көтеру.*<br>***Б.қ.: «Көңілді жалауша»***<br>**4.** *Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар жоғары көтеріп,секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Көкек» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді*<br>*Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/ Маршпен жүру. «Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.*<br>***Қимыл-қозғалыс жаттығулары.***<br>*-Доға астынан еңбектеп өту*<br>***Қимылды ойын****: « Құстар жем жейді»*<br>*Шарты : құстардың қимылын салып көрсетеді.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Асық»***<br>***Мақсаты: Бұл ойынды да*** | *сайын «көрдім» деп айту. / 5 рет қайталау/*<br>***Б.қ. : «Қайшы»***<br>***3****. Аяқтары алшақ қойылған , Қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 5 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Қоян қашты»***<br>***4****. Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/*<br>***Қорытынды:***<br>*«Айналу» - бір - бірінің қолынан ұстай отырып, айнала жүгіру.*<br>*Шеңбер бойы маршпен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *1 – 2, 3 - 4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады.*<br><br>***Негізгі қимылдарды орындау:***<br>***1.Еденге қойылған тақтайша үстінде төрттағандап еңбектеу.*** | ***Тәрбиеші : - Балалар, бүгін біз не туралы сөйлестік? Балаларды мадақтау.***<br><br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Хан алшы»***<br>***Мақсаты: ұлттық ойындар арқылы балалардың бойындағы ұлттық қасиеттерін, ойлау қабілетін дамыту, адамгершілікке, шапшаңдылыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.*** | ***өшпес үлгісін қалдырған хан батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу.*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***тек асығы бар балалар ғана ойнайды. Асық ойнаушылардың саны 4-8 балаға дейін жетеді. Әрине, асықты қыз балалар ойнамайды. Бұл ойынның түпкі мақсаты-асық ұтып алу.*** | *Көпір үстімен залдың қарсы жағына еңбектеп өту. Нұсқау – тек көпір үстімен.*<br>***2.Кеуде тұсынан допты екі қолмен лақтыру*** *– доп лақтырғаннан кейін қолды созу.*<br>*Қозғалыс ойын: «Затты тауып ал».*<br>*Балаларды (әр бала үшін жасырылған ойыншығы бар) ғажайып қорапшаны іздеп табу үшін жұмсайды.* | | |
| Серуенге дайындық | ***Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.***<br>***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | |
| | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека № 20***<br>***Боранды бақылау.*** | ***Картотека № 15***<br>***Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.*** | ***Картотека № 9***<br>***Қырауды бақылау.*** | ***Картотека № 14***<br>***Торғайды бақылау.*** |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Қысқы серуен картотекасынан*** | | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін шешіп, әрқайсысы өз орнына қоюға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін таза ұстау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамай, тек қолын жуу.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Таза қолмен үстелге жайғасу.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін ұқыптап шешуге дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын жақсылап сабындап жуу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде суды үнемдеу.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Балаларды асханаға жинақылықпен отырғызу.* | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін ретімен шешіп, араластырмай қоюды үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын мұқият жууды қадағалау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен шашпау, сабынды дұрыс пайдалану.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Асқа дейін қолдарын жууға дағдыландыру.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін шешіп, жинақтап қоюға бағыттау.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін пайдалану.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде ойнамауды ескерту.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Қолдарын жуған соң асханаға отыру.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Әрбір ас – еңбекпен келген несібе. Нанды жерге тастамаймыз, асты төкпей ішеміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Асықпай шайнаймыз, ауыз толғанда сөйлемейміз.* | ***Әңгіме:*** *– Асқа отырмас бұрын қолымызды таза жуамыз. Суды үнемді қолданамыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты абайлап ұстаймыз, сындырмаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Әрбір ас – бағалы.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Артық ас алмаймыз, табақта қалдырмаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Тамақтанып отырғанда орнымыздан тұрмаймыз.* |
| Күндізгі ұйқы | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру | ***№6*** *Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* | ***№ №7.*** *Майтабанның алдын алу. Ояту* | ***№8*** *Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.* | ***№ 10.*** *Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| шаралары | *Тыныс алу жаттығулары<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Ести қалып сыбырды<br>Өсіп тұрған сәбізді<br>Жұлып алып иіскеді.* | *Көзімізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Терезеге қарап<br>Күн жылуын алайық.* | *Тыныс алу жаттығулары<br>Аю жүрді орманда<br>Қорбаң, қорбаң, қорбаңда<br>Көріп қалып жидекті<br>Жұлып алып иіскеді.* | *Мысықтар<br>Ояту<br>Ұйқыдан біз тұрамыз<br>Көзімізді ашамыз<br>Жан-жағымызға қарап<br>Достарымызға күлеміз.* |
| | *Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.<br>«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.*<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | |
| Бесін ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.* | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.* | ***Әңгіме:***<br>*– Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Суды дұрыс пайдаланған адам табиғатты қорғайды. Жуынғанда немесе ыдыс жуғанда суды ағызып қоймай, тек қажетіне қолдануымыз керек.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Су ішкенде асықпай жұтамыз, күліп сөйлеп ішпейміз. Бұл – қауіпсіздіктің бір шарты.* | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.* |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа | *қимылды ойын: Менің зымыраған көңілді добым.<br>Ойнаушы балалар тобы (5-6 адам) жартылай дөңгелек құрып,* | *Кішкене қоян, шыға ғой...<br>Бір топ бала тәрбиешімен бірге дөңгелене тұра қалады. Тәрбиеші кім кішкене қоян болады деп сұрайды.* | *«Қыдыруға барайық»<br>Балалар алаңның (бөлменің) жан-жағына қойылған орындықтарда отырады. Тәрбиеші балалардың біреуіне жақындап келеді де оны өзімен* | *Өз түсіңді тап.<br>Балалар үш-төрт жалаушалар алады. Біріншісі – жасыл, екіншісі – көк, үшіншісі – сары жалауша алады да* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | *тәрбиешінің жанында тұрады. Допты бейнелейтін бір бала орнында тұрып секіреді, ал тәрбиеші алақанын оның басына қойып, мынадай өлең айтады.*<br>***Көңілді добым, о , менің,***<br>***Домалап қайда жөнелдің?***<br>***Қызыл, сары, көгілдір,***<br>***Жел аяқсың-ау өзің бір!***<br>*Бұдан кейін доп қашып кетеді, тәрбиеші балалармен бірге оны ұстайды. Ойын жаңа доппен қайта басталады. Балалар ойынды әбден үйреніп игергенде, бәріне де доп сияқты секіруді ұсынуға болады.*<br><br>**Қауіпсіздік ережесі**<br>***«Бауырсақ»***<br>***Мақсаты: Қарым-қатынас дағдыларын, қиялын дамыту.Сөйлеу мәнерлілігі бойынша жұмыс.*** | *Бәрі айналып жүріп мынадай өлең айтады.*<br>***Жүр, көжегім, шыға ғой,***<br>***Сұр көжегім, шыға ғой!***<br>***Айтқанымды ұға ғой.***<br>***Міне, былай шыға ғой!***<br>*Кішкене деп атаған бала ортаға шығады. Өлеңнің ендігі шумағын айтып болғаннан кейін, барлық ойнаушылар, қоянға не істеу қажеттігін көрсеткендей, тиісті қимылдар жасайды. Ол да балалардың істеген қимылдарын қайталайды.*<br><br>***Жол ережесі***<br>***«№1 автомектеп»***<br>***Мақсаты: Балаларда көшелерден өту ережелері, жол белгілерінің маңызы туралы білімдерін бекіту*** | *бірге қыдыруға шақырады. Ол бала тәрбиешінің артына тұрады. Ендігі бала одан кейін тұрады да, тағы сондай. Тәрбиеші осылайша 6-8 баланы жинайды да, олармен бірге алаңды бір-екі айналып өтеді. «Үйге, үйге!» деген сигнал бойынша балалар өз орындарына жүгіреді. Тәрбиеші басқа балаларға келеді, ойын одан әрі жалғастырылады.*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім***<br>*Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз бүгін көңілді аңдар боламыз. Сендер қандай аңдарды білесіңдер? Жарайсыңдар. Біз оларға еліктеп, қимылдарын қайталаймыз. Ал, кәнеки, аңдар, маған құлақ салыңдар! Барлық қимыл-қозғалысты біз сәтті орындаймыз.*<br>*Оңға бұрылып бір қатармен сапқа тұрады. Бір қатармен сапта жүру.*<br>*Аяқтың ұшымен жүру, қолдарын беліне қояды – «түлкі ақырын таяп келеді», табанының ішкі жағымен* | *4-6 адамнан бөлменің (алаңның) бұрыштарында топтасады. Әр бұрыштағы тұғырдың үстіне тәрбиеші әр түрлі жалаушалар (жасыл, көк, сары) қояды.*<br>***Тәрбиешінің: «Қыдыруға барыңдар»,*** *- деген сигналы бойынша балалар топтанып немесе жеке-жеке алаңды (бөлмені) аралап кетеді. «Өз түсіңді тап деген жаңа сигнал бойынша балалар өздеріне лайықты түстегі жалаушаға қарай жүгіреді.*<br><br>**Қауіпсіздік ережесі**<br>***«Бауырсақ»***<br>***Мақсаты: Қарым-қатынас дағдыларын, қиялын дамыту.Сөйлеу мәнерлілігі бойынша жұмыс.***<br><br><br>***«Аспан әлемі»*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | *жүру – «аю талтаңдап келеді», кәдімгі жүріспен кезектесіп жүреді.*<br>*Алға қарай секіру – «қояндар секіреді».*<br>*Бір қатармен жүру, жүгіру, «қасқыр жортып келеді».*<br>*Жүру және жүгіру, конустардың арасынан жыланша жүру – «жылан жорғалайды».*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Түлкіге арналған қолғап.***<br>*Б.қ.: аяқтар табан қашықтығына сәйкес.*<br>*1 – қолды алға созамыз, 2,3 – қолдың басын айналдырамыз, 4 – төмен түсіреміз. 4–5 рет.*<br>***Тиін інінде.***<br>*Б.қ. – бұрынғы. 1 – аяғының ұшымен көтеріледі, қолдарын жоғары көтереді,*<br>*2 – б.қ. 4–5 рет.*<br>***Құндыздар отын жаруда.****Б.қ.: аяқты иық бойымен қояды, саусақтарын айқастырып құлып жасайды, 1 – қолды бастан асыра жоғары көтереміз, 2 – алға қарай еңкейеміз – 4 рет.* | ***(Бағдарлама)*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ***Ал, кірпіде –саңырауқұлақ.***<br>*Б.қ.: аяқты табан қашықтығына сәйкес қойып тұру, қолдары төмен түсірілген.*<br>*1 – отырады, қолын еденге тірейді, 2 – тұрады, б.қ.,4 рет қайталау.*<br>***Қоянға арналған пималар.***<br>*Б.қ.: түрегеп тұрады, қолдарды белге қояды. Бір орында тұрып кезекпен секіреді, жүреді.*<br>*Қимылдың негізгі түрлері:*<br>*1.Қолды белде ұстап, текшелерден аттап, соқпақпен (жолмен)жүру.*<br>*Түлкі келеді көпірмен, Құйрығы оның бұлғаңдап.*<br>*Қолындағысын түсірмей Серуендейді масайрап.*<br>***2.Сәкі үстінде төрттағандап еңбектеу.***<br>*МаймақаяқаюларОрмандажүр серуендеп.*<br>*Бөренеденолжылдам, Ептілікпен аттады.*<br>*Қабырғасын ауыртпай Керіліп ол алды.*<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр».* | |
| Балалармен жеке | ***Тақырыбы: «Айна»*** | ***Тақырыбы: «Жылы*** | ***Тақырыбы: «Қай дыбысты*** | ***Тақырыбы: «Сиқырлы*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жұмыс | ***Мақсаты:*** *Эмоцияны тану, өзін-өзі көру арқылы танысу.* ***Шарты:*** *Бала айнаға қарап тұрады. Тәрбиеші: «Қуанышты бет көрсет», «Ашулы бет көрсет» дейді. Бала эмоцияны бейнелейді.* | ***алақан»*** ***Мақсаты:*** *Сенімділік пен мейірімділікті дамыту.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші баланың қолын ұстап: «Сен мейірімдісің, сен ақылдысың» дейді. Бала да жылы сөз қайталайды.* | ***естідің?»*** ***Мақсаты:*** *Есту зейінін дамыту.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші қоңырау, барабан немесе қасықпен дыбыс шығарады. Бала қандай дыбыс екенін табады.* | ***суреттер»*** ***Мақсаты:*** *Шығармашылық қиялды дамыту.* ***Шарты:*** *Балаға жай ғана сызық немесе нүкте беріледі. Ол одан сурет шығарады (күн, бұлт, алма).* |
| Серуенге дайындық | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | |
| | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| Серуен | ***Картотека № 20 Боранды бақылау.*** | ***Картотека № 15 Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.*** | ***Картотека № 9 Қырауды бақылау.*** | ***Картотека № 14 Торғайды бақылау.*** |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.*** | | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | |
| | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін шешіп, әрқайсысы өз орнына қоюға үйрету.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін ұқыптап шешуге дағдыландыру.* | ***Киімдерін шешу:*** *Киімдерін ретімен шешіп, араластырмай қоюды үйрету.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін шешіп, жинақтап қоюға бағыттау.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін таза ұстау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен ойнамай, тек қолын жуу.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Таза қолмен үстелге жайғасу.* | ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын жақсылап сабындап жуу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде суды үнемдеу.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Балаларды асханаға жинақылықпен отырғызу.* | ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын мұқият жууды қадағалау.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Сумен шашпау, сабынды дұрыс пайдалану.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Асқа дейін қолдарын жууға дағдыландыру.* | ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін пайдалану.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде ойнамауды ескерту.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Қолдарын жуған соң асханаға отыру.* |
| Кешкі ас | ***Үнемді тұтыну- «Суды,тамақты, энергияны үнемді тұтыну****Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау* | | | |
| Балалардың дербес әрекеті. | Құрылыс және құрастыру ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр» | Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар | Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру | Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Өнегелі-15 минут. Ата-анамен баланың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.*** | | | |
| | *Бүгін балалар «Дүкен» ойынын ойнады. Сөйлесу және сату–алу рөлдерін меңгерді. Үйде ойыншықтармен «дүкенге бару» ойынын ойнаңыз.* | *Бүгін балалар «Дүкен» ойынын ойнады. Сөйлесу және сату–алу рөлдерін меңгерді. Үйде ойыншықтармен «дүкенге бару» ойынын ойнаңыз.* | *Бүгін балалар қағазды қиып, желімдеп аппликация жасады. Қол икемділігін дамытты. Үйде қарапайым аппликация жасауға мүмкіндік беріңіз.* | *Бүгін балалар «Жыл мезгілдері» суреттерін қарап, айырмашылықтарын атады. Ойлауын дамытуға тырысты. Үйде суреттерді* |

Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айының 4-аптасы**

**Топ:** Орта топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Қандай кезеңге жасалды:** 22.12 – 26.12.2025ж
***Апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»***

| Күн тәртібінің үлгісі | *«Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау* | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | ***Күй күмбірі – ұлттық өнерді қадірлеуді үйрету.*** | ***Күй күмбірі – әдеп пен сыйластыққа тәрбиелеу.*** | ***Күй әуені - рухани байлыққа жетелеу.*** | ***Күй күмбірі – достық пен татулыққа тәрбиелеу.*** | ***Күй күмбірі – елін сүйген ер болуға тәрбиелеу*** |
| | *Баланы сабырлы үнмен қарсы алу. «Сәлеметсің бе?» деп жауап беруге бағыттау. Ойын бұрышына шақыру. Баланың мінез-құлқын бақылау.* | *Баланы есімімен шақырып қарсы алу. Достарына қол бұлғауға үйрету. Сурет салуға немесе бояуға бағыттау.* | *Баланы жылы жүзбен қарсы алу. Киімін шешуге бағыт беру Қуыршақ бұрышына бағыттау. Достарымен ойынға тарту.* | *Баланы жылы жүзбен қарсы алу. Киімін шешуге бағыт беру Қуыршақ бұрышына бағыттау. Достарымен ойынға тарту.* | *Баланы есімімен атап қарсы алу. Жылы сөзбен қолдау көрсету. Үстел үсті қарапайым ойындарға бағыттау.* |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | ***Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы, мінез –құлқы туралы кеңес беру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:*** Ынтымақ *– достық пен бірліктің кепілі. Ынтымақ бар жерде татулық болады.* | ***Әңгіме:*** *Қанағатшылдық – бақыттың бастауы. Қанағатшыл бала қолындағы барға шүкір етеді.* | ***Әңгіме:*** *Арман – баланың болашағына жетелейтін күш. Армандаған бала мақсатына жетеді.* ***Кеңес:*** *Балаңызды өз* | ***Әңгіме:*** *Арман – баланың болашағына жетелейтін күш. Армандаған бала мақсатына жетеді.* ***Кеңес:*** *Балаңызды өз* | ***Әңгіме:*** *Қамқорлық – сүйіспеншіліктің белгісі. Қамқор бала айналасына жанашыр болады.* ***Кеңес:*** *Балаңызды* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Кеңес:*** *Балаңызды достарымен тату ойнауға, ренжіспеуге үйретіңіз.* | ***Кеңес:*** *Балаңызды бар нәрсеге қанағат етуге, артық сұрамауға үйретіңіз.* | *армандарымен бөлісуге, сурет салып көрсетуге үйретіңіз.* | *армандарымен бөлісуге, сурет салып көрсетуге үйретіңіз.* | *жануарларды аялауға, досына қамқорлық жасауға үйретіңіз.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***Картотека № 3 Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты:*** *Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады.* | ***Картотека № 9 Дид ойын: «Құстарға көмек береміз» Мақсаты:*** *Балалар Құстарды атап, өз ойын айта алады.* | ***Картотека № 5 Дид ойын: Қайсысы қайда тіршілік етеді. Мақсаты:*** *жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтай алады.* | ***Картотека № 6 Дид ойын: «Кімге не керек» Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып атай алады.* | ***Картотека №4 Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам» Мақсаты:*** *Балаларды табиғат сұлулығын көріп, оны қорғай білу туралы түсінеді* |
| | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан*** | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Желтоқсан айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 4-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| Таңғы ас | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Әңгіме:***<br>*– Дастарқандағы асқа «Рахмет» десек, ол бізді тәрбиелі әрі сыпайы етеді.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Алғыс айту балаға ризашылық пен мейірімділік әдетін қалыптастырады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп болған соң ыдысты абайлап қоямыз, сындырып алмау үшін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішіп болған соң «Рахмет» деу – әдептіліктің белгісі. Бұл бізді сыпайы етеді.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Алғыс айтқан бала жүрегінде ризашылықты қалыптастырады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішіп болған соң ыдысты үстелге абайлап қоямыз, сындырып алмау үшін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Жемістер мен көкөністер бізге қуат береді. Сүт өнімдері мен ет те дәруменге толы. Оларды жесек, сергек жүреміз.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Сергек бала ойнағанда да, үйренгенде де көңілді болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жемісті асықпай, жақсылап шайнап жейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Нанда да дәрумен бар. Бір түйірін де жерге тастамайық.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Қадірлей білетін бала үлкенге де, кішіге де құрметпен қарайды.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Нанның үгіндісін жерге тастамаймыз, дастарқанды былғамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде досымызға кедергі жасамай, оған үлгі болайық. Қамқорлық – достықты нығайтады.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Қамқор бала мейірімді, жүрегі кең болады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолымыздағы қасықты сермемейміз, басқаларға тигізбей ұстаймыз.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Қамқор» жобасы***<br>***Ойын: «Достық көпірі»***<br>*Балалар екі-екіден қол ұстасып көпір жасайды. Басқалары сол көпірдің астынан өтеді: «Мен саған қамқормын!» дейді.*<br>***Мақсаты:*** *достық пен бірлікті нығайту.* | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Өз әуеніңді шығар»***<br>*Балалар кезекпен қолын шапалақтап, ырғақ шығарады. Басқалары қайталайды.*<br>***Мақсаты:*** *шығармашылықты дамыту, өзін еркін көрсету.* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Кімге көмектесеміз?»***<br>*Тәрбиеші сурет көрсетеді: ауыр сөмке көтеріп келе жатқан әже. «Қане, қалай көмектесеміз?» Балалар: «Сөмкесін көтереміз», «Жолдан өткіземіз».*<br>***Мақсаты:*** *еңбек пен көмектің маңызын* | ***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы***<br>***Ойын: «Жалғастырып айт»***<br>*Тәрбиеші бастайды: «Күн жылы болса...» Балалар: «Ойнаймыз», «Жүгіреміз».*<br>*Мағынасы: қиялды дамыту.* | ***«Балалар кітапханасы» жобасы***<br>***Ойын: «Суреттегі ертегі»***<br>*Тәрбиеші ертегіден сурет көрсетеді. Балалар: «Бұл – Қызыл телпек», «Бұл – Бауырсақ» деп атайды.*<br>*Мағынасы: кейіпкерді тану, сөздік қорды дамыту.* |

| Кестеге сәйкес ҮІӘ | *«Балалар кітапханасы» – қыс туралы тақпақ, өлең, әңгіме оқу арқылы балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту.*<br>*«Ұшқыр ой алаңы» – қысқы құбылыстарды талқылау (қар неге жауады, су неге қатады), сұрақ-жауап арқылы ойлау қабілетін дамыту.*<br>*«Шабыт» жобасы- Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында қысқы табиғат көрінісін түсіндіру ұіә.* | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Балалар біздің топқа қар ұлпалары ұшып келді қараңдаршы. (жіпке байланған қар ұлпалары топқа ұшыру)*<br>*Олар бізге тапсырмалар әкелген. Қараңдаршы неткен жылтырақ.*<br>***Ой қозғау.***<br>***1-қар ұлпасын алу***<br>***1-тапсырма.Қыс мезгілі туралы айт***<br>*Мнемотехника арқылы қыс туралы әңгіме құрастыру.* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Тәрбиеші: Бүгін таңертең балабақшаға жұмысқа барсам, ақ тон киген, қалпақ киген, қолында сиқырлы таяқшасы мен сандығыбар аппақ қызды кездестірдім. Бұл қыз кім болды деп ойлайсың?**(жауабы қыс)***<br>*Бізге көптен күткен қыс келді, бізге өз сыйын берді - сандықша - мінекей! Балалар, мұнда сұрақ, жұмбақтар, сыйлықтар, тосын сыйлар бар, соларға жауап беруіміз керек.*<br>*Әрбір дұрыс жауап үшін мен қар ұшқынын беремін, ал ең ақылдысы соңында* | ***Музыкалық дыбыстар.***<br>***Тосын сәт***<br>*Перде ашылып, барлығы дамыту орталығына келеді. Көрініс қысқы орман түрінде рамкаға салынған.*<br>*- Міне, біз қысқы орманға келдік. Қысқы орманда не көріп тұрсыңдар?*<br>***Дид ойын: «Қар»***<br>***Шарты:** Қар сөзіне анықтамаларды таңдау.Қарды тексеру (ақ, суық, таза, үлпілдек, жарқыраған, күміс, кристалды, жабысқақ, ұсақталған, ылғалды).*<br>***«Қар» сөзіне етістіктерді*** | ***Тосын сәт***<br>*Ал бүгін мен сендерді ертегілер мен ғажайыптарға толы ертегідегі қысқы орманға серуендеуге шақырамын! Менімен саяхаттағыңыз келе ме? - Иә!!! Бірақ біз орманға қалай барамыз.*<br>*Шанамен баруды ұсынамын. Жолға дайындалуды бастайық, қыста орманда суық, сондықтан жылырақ киіну керекпіз.*<br>***Дид ойын: «Санамақ сыры»***<br>***1-дегенім бөрік***<br>*Кисең бойға көрік.*<br>***2-дегенім етік***<br>*Киер сәнді етіп.*<br>***3-Дегенім ішік***<br>*Теріден тігер пішіп.* | ***Тосын сәт.***<br>*Қонаққа **аққала** келеді .*<br>*Тәрбиеші : Ол тура бізге қар үйінділері арқылы келді .... балалар не келді? ( **қар адамы** ) .*<br>***Қар адамы қайдан келдің?***<br>*Біз кеше жаяу жүрдік*<br>*Ал біз сені көрмедік ...*<br>***Аққала** : Мен қысқы ертегіден келдім,*<br>*Мен сендерге шана әкелдім (ойыншық шаналарды көрсетеді) .*<br>*Мен оны сендергеойнауүшінбере мін.*<br>*Ал меніңкететін кезімболды, әйтпесееріпкетуіммүм кін.*<br>***Қызығушылықты*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**Мнемотехника бойынша шығармашылық жұмыс.**<br>**1-топ:** Суреттегі қыс мезілін құрастыру.<br>**2-топ:** Аққала жапсыру<br>**3-топ:**Шыршаны трафарет арқылы салу,ойыншықтарын бояу.<br>**4- топ:** құстарға жем жасау.<br>**2- тапсырма: Қыс сөзіне ассоциациялар**<br>**Дид ойын: «Сөз ойла, тез ойла»**<br>**Шарты:**Балалар доппен ойнауға | марапатталады.<br>**Ой қозғау.**<br>Тәрбиеші: Енді қысқы сандықта қандай тапсырмалар бар екенін көреміз<br>**Бір бала сөмкеден тапсырма картасын шығарады.**<br>**Бірінші тапсырма.**<br>Сұрақтарға жауап бер:<br>-Қыс қашан келеді? (күзден кейін)<br>-Қыста күн қалай жарқырайды? (күн жоғары емес және аз қызады; ол жарқырайды, бірақ қызбайды)<br>-Қыста аспан қандай болады? (аспан жиі сұр, оның үстінде бұлттар бар, қар жауатын бұлттар)<br>-Қыста қандай ағаштар болады? (ағаштар жалаңаш, жапырақсыз, тек қарағайлар мен жасыл шыршалар тұрады; ағаштар қыста | **таңдау (барады, жатады, айналады, сықырлайды, ұшқындайды)**<br>**Шығармашылық орталық**<br>**Дид ойын: «Қар үйіндісі»**<br>**Шарты:** Қиылған суреттен құрастырып қар үйіндісін шығару.<br>**Ой қозғау.**<br>- Иә, балалар, қыс мезгілі жылдың өте әдемі мезгілі. Қыс туралы тақпақтар тыңдау.<br>**Уақыт мол бөлеміз,**<br>**Қыс қызығын көреміз.**<br>**Сары аязға шыңдалып,**<br>**Шымыр болар денеміз.**<br>Балаларды мадақтау<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Қалбалақтап ұшады.<br>Қанаты талып, | **4-Дегенім тымақ**<br>Қыста кисең жылы-ақ.<br>**5-Дегенім байпақ**<br>Іші жылы тайпақ.<br>**Ой дамыту.**<br>Балалар, біз енді залда емеспіз, сиқырлы орманға кірдік, айнала тыныштық. Балалар, сендер шалғында не көріп тұрсыңдар? - шыршалар. Олар қандай?- Үлпілдек, жасыл, үлкен және кіші. Қанша? Олар қандай түсті?<br>Балалар, біз ертегі орманындамыз, дәл осы жерде көптеген кереметтер орын алады!<br>Балалар, енді бастарыңды көтеріңдер, не көріп тұрсыңдар? Бұлт. Жоғарыда қандай үлкен бұлт бар. Ал қыста бұлттан не түсуі мүмкін деп ойлайсыңдар? - Қар. Ол қандай?- Ақ, үлпілдек, жеңіл, | **ояту.**<br>**Біз бүгін Нағыз ғалым ретінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын боламыз.** Осы жұмыстың арқасында біз көптеген қызықты нәрселерді үйренеміз. Зерттеушілер **тәжірибелер** жасап, ғылыми жаңалықтар ашады.<br>Ендеше біз бүгін бірнеше **тәжірибелер жасап , қардың** қасиеттерін анықтаймыз<br>**Ой дамыту.**<br>**Қар дегеніміз не** ?<br>**Қар** – жерге түсетін жауын-шашын түрі. Ол кішкентай мұз кристалдарынан тұрады. **Қар** , жаңбыр сияқты, бұлттан жауады. Су буы жер бетінен өте жоғары көтеріледі. Кристалл үнемі өсіп, ақырында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шақырылады, бала сөзді атап - допты басқа қатысушыға лақтырады.*<br>*Мыс: Аяз, қар...........*<br>***3-тапсырма. Қыс мезгіліндегі құстар туралы айт.***<br>***Дид ойын: «Құстар бөлігін тап, ата»***<br>***Шарты:*** *Қиынды суреттерден құстардың бөлігін тауып құрастыру. қарғалар, торғайлар, көгершіндер т.б*<br>*Құстарға қалай көмектесеміз? Немен тамақтандыруға болады? Не беруге болмайды?*<br>*Балалардың жауаптары: қоректендіргіште р жасау. Тамақты* | *демалады)*<br>*Қыста өзендерде не болады? (мұзбен жабылған)*<br>*Қыста адамдар қалай киінеді? (жылы)*<br>*Құстар мен жануарлар қыста өздерін қалай ұстайды?*<br>*-Балалар қандай қысқы қызықтарын білесіңдер?*<br>*(әр жауап үшін балаларға бір снежинка беріледі)*<br>*А3 форматқа суреттерді осы жауаптар бойынша бойынша жапсыру, құрастыру, бояу.*<br>***Келесі бала тапсырма жазылған екінші картаны шығарады.***<br>***Екінші тапсырма.***<br>***Дид ойын:«Таңда, атын, есте сақта»***<br>*мысалы: қыс суық, қарлы, аязды, ұзақ, т.б.)*<br>*-қыс (суық, қарлы, қарсыз, аязды, ұзақ,* | *Жерді барып құшады.*<br>***(Қар)***<br>*Қолы мен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады көп.*<br>***(Аяз)***<br>*Қыста шыны боп қатады,*<br>*Жылыды су боп жатады.*<br>***(Мұз)***<br>*Мүлгіп тұрған бақ тыныш,*<br>*Оранипты ақ күміс.*<br>***(Қырау)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға, тым әйбат!*<br>***(Мұз)***<br>*Тікен, тікен, тік біткен.*<br>*Қысы, жазы бір түсте.*<br>***(Шырша)***<br>***Шығармашылық орталық***<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-топ:*** *Трафарет* | *өрнекті.*<br>*Ой, балалар, қараңдаршы, шыршаның астына қанша қар жауған!*<br>*Балалар шыршаға жақындайды, педагог бір шелек қар шығарады. Балалар қарды алақандарына алады. Оның не екенін көрейік?*<br>*– Ақ, жеңіл, жұмсақ.*<br>*Ал қардан не жасауға болады?*<br>*- Одан мүсіндеуге болады.*<br>*аққала.*<br>*Енді қарды жұдырығыңа қыс, не болды?- Су ағып жатыр, суықты қолыңмен сезінесің, әрине, өйткені қыс суық, аязды жақсы көреді. Қолымыз жылы, сондықтан қар бірте-бірте ериді. Қандай суық қар, қолымызды кептіріп алайық.*<br>***Сергіту сәті:*** | *әдемі жұлдызға айналады. Қарды тамашалай отырып, біз* ***қар*** *бүршіктерінің пішіні ауа райына байланысты өзгеретініне назар аударамыз.*<br>***Тәжірибе №1 «Қар қасиеті»***<br>*- Біздің үстелде, стақанда бір кесек* ***қар жатыр*** *. Алдымен алақаныңызға қараңыз, олар қаншалықты құрғақ?* ***Қарды*** *қолыңа алып , оның не екенін айт.*<br>***Қортынды:***<br>*Жауаптар: суық, ақ, жарық.*<br>***Тәжірибе№2 «Қардың еруі» қолымыздағы қарға не болатынын көрейік.***<br>*Қар қолымыз жылы болғандықтан еріп кетті, қар тек салқын жерде ғана өз қалпын ұстап тұрады.*<br>***Қортынды: Қар еріп, суға айналды.*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерге, қарға лақтыруға болады. ақ нан, печенье үгіндісі, жүгері, күнбағыс тұқымы, асқабақ тұқымы, бидай, жеміс бөліктерімен тамақтандыру керек.<br>**Сергіту сәті:«Қыс қызығы»**<br>**4-тапсырма. Дид ойын: «Қысқы киім»**<br>Қыста дала суық, сондықтан адамдар жылы киінеді. Ендеше ұл мен қыздың киген киімдерін айт.<br>Сұраққа жауап бер:<br>Ұл мен қыз қайда барады?<br>Бала басына не киіп алған? Ал қыз?<br>Бала қандай куртка киген? | боран, жұмсақ, қатал, орыс)<br>**Келесі бала сөмкеден тапсырма жазылған үшінші картаны шығарады.**<br>Үшінші тапсырма.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап алу<br>Қолымен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады (Аяз)<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбет. (Мұз)<br>Аспаннан ақ ұлпа борады,<br>Қырқаны сейсепке орады. (Қар)<br>Жерді тырнап, бұтаны ырғап,<br>Шөпті сыйпап, ұшады зырлап<br>Жанын қинап,<br>Ұлиды зарлап. (Боран)<br>**Балалар дорбадан төртінші картаны шығарады.** | арқылы шыршаны бояу.<br>**2-топ:** Ермексаздан шыршаға ойыншықтар мүсіндеу, саусақ арқылы ермексазды жапсыру<br>**3- топ:** Шыршаның қасына аяз атаны жапсыру<br>-Шыршаның түсі қандай? Шыршаның бойлары бірдей ме?<br>**( Жасыл. Бойлары аласа- биік)**<br>- Орманда тағы нелер бар екен?<br>Қоян шыршаның түбінен секіріп шығады.<br>**Қоян:** - Ой, саламатсыздар ма, балалар? Орманда не істеп жүрсіңдер?<br>(Қоянмен амандасады)<br>Саяхатқа келдік!<br>- Балалар, біздер аңдар туралы өлеңдер білеміз бе? Кәне, кім айтады? | Боран соғар оң жақтан.<br>Боран соғар сол жақтан,<br>Қар лақтырып ойнаймыз,<br>Су ағады қолғаптан.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Ыс-ыс-ыс-келді қыс.<br>Ғы-ғы-ғы-шаңғы.<br>Ақ-ақ-ақ-аққала.<br>Қа-қа-қа-қар.<br>Ық-ық-ық-суық.<br>**Біздің қайтатын уақытымыз келді.**<br>Біздің келгенімізді жануарлар , құстар білсін, біз мына шыршаларды безендіріп кетейік.<br>**Шығармашылық жұмыс.**<br>**Мына шыршалар қандай үлкен-кіші.**<br>Үлкен шыршаның шамдарын бояп берейік.<br>Кішкентай шыршаға ойыншықтар жапсырып берейік<br>Енді балалар мен | **3-тәжірибе «Қарды бояуға бола ма?»**<br>**Қарды** қарапайым тағамдық бояғыштармен немесе бояулармен бояуға болады және оның қалай боялатынын, бояу қар массасына қандай жылдамдықпен енетінін дәл бақылау керек.<br>**4-тәжірибе «Еріген суды сүзу»**<br>Қардан алынған суды **сүзгіден** өткіземіз<br>Сүзгіде кір қалды.<br>Қорытынды : **Қардың құрамында кір бар** . Сондықтан **қар** суы өте лас болғандықтан ішуге болмайды.<br>Жарайсың! Бүгін өте жақсы жұмыс істедіңдер.<br>-Балалар, сендерге ғалым, зерттеуші болған ұнады ма?<br>Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қыз қандай пальто киген?*<br>*Курткада неше қалта бар? Ал пальтода?*<br>*Бала орамалды қалай байлады? Ал қыз?*<br>*Бала аяғына не киіп алған? Ал қыз?*<br>*Кімде қолғап бар? Кімде қолғап жоқ?*<br>*Жарайсыңдар!*<br>***Рефлексия***<br>*Тәрбиеші.*<br>*Балалар, сендер барлық тапсырмаларды орындадыңдар.*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім***<br>*Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз бүгін көңілді аңдар боламыз. Сендер қандай аңдарды білесіңдер?*<br>*Жарайсыңдар. Біз оларға еліктеп,* | ***Төртінші тапсырма.***<br>***Дид ойын:«Керісінше айт»***<br>*- жазда ыстық күн, қыста суық күн*<br>*- жазда күн ұзақ, ал қыста - (қысқа)*<br>*- жазда күн жылынады, ал қыста - (жылынбайды)*<br>*- көктемде өзендегі мұз жұқа, ал қыста - (қалың)*<br>*- кейбір мұз айдындары ұзын, ал басқалары (қысқа)*<br>*- Қар жұмсақ, ал мұз (қатты)*<br>*(қар бүршіктері түседі)*<br><br>***Балалар тапсырма жазылған бесінші картаны шығарады.***<br>***Бесінші тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Қысқа не керек?»***<br>*Балалардың алдына коньки, велосипед, мұз айдыны, шаңғылар, роликтер, секіргіш арқан, шана, доп,* | ***Тақпақ***<br>*Қайшы құлақ қоянмен,*<br>*Ақшыл түске боялдым.*<br>***Қоян:*** *- Ой, қандай керемет!*<br>***Қоян:*** *Менімен ойнайсыңдар ма балалар? Ендеше қимылдық ойын ойнайық.*<br>*Аяз десем- секіреміз,*<br>*Шуақ десем- тоқтаймыз (2 рет ойналады)*<br>***Тәрбиеші:*** *- Балалар біздің балабақшаға қайтатын уақытымыз болды.*<br>***Қоянмен қоштасайық!***<br>***Тіл ұстарту жаттығуы.***<br>*ЫС-ЫС-ЫС*<br>*КЕЛДІ МІНЕ ҚЫС*<br>*АР-АР –АР*<br>*ҚАЛЫҢ ЕКЕН ҚАР*<br>*АН-АН –АН*<br>*ШАҚЫРАДЫ ОРМАН.*<br>***Балаларды*** | *сиқырлы таяқшаны сермесем көзді ашып жұмғанша тобымызға жетеміз. Балабақшаға оралу.*<br>*Балалар сендерге саяхат ұнады ма?*<br>***Топтық жұмыс.***<br>***Дид ойын: «Қысқы пейжаз»***<br>***Шарты:*** *Қиылған суреттерден қыс көрінісін құрастыру*<br><br><br>***Ұ.О Тақырыбы. «Ақсүйек»***<br>***Мақсаты: Баланы тапқырлыққа, ептілікке, қырағылыққа тәрбиелеу*** | <br>***Музыка***<br>***Тақырыбы: «Айнала ақша қар»***<br>*Балалармен әндетіп амандасу. Өткен сабақтағы материалдарды еске түсіріп, үзінділер айту. «Қандай музыка тыңдадық?» деген сұрақтарға толық жауап талап ету. Табиғатта неше түрлі құбылыстар болатынын білеміз. Қазір жылдың қандай мезгілі, бұл кезде қандай құбылыстар болады, не жауады? Қыста қандай ойындарды көп ойнайсыңдар? Әрине, шанамен сырғанақ тебесіңдер, аққала соғасыңдар, міне, бүгінгі сабағымыз осы тақырыптың айналасында өтеді.*<br>***Музыка тыңдау:***<br>*«Орманшы» (муз. Т. Қоңыратбай, сөзі Б.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қимылдарын қайталаймыз. Ал, кәнеки, аңдар, маған құлақ салыңдар! Барлық қимыл-қозғалысты біз сәтті орындаймыз.*<br>*Оңға бұрылып бір қатармен сапқа тұрады. Бір қатармен сапта жүру.*<br>*Аяқтың ұшымен жүру, қолдарын беліне қояды – «түлкі ақырын таяп келеді», табанының ішкі жағымен жүру – «аю талтаңдап келеді», кәдімгі жүріспен кезектесіп жүреді.*<br>*Алға қарай секіру – «қояндар секіреді».*<br>*Бір қатармен жүру, жүгіру, «қасқыр жортып* | *скутер, теннис ракеткасы, таяқша бейнеленген карточкалар қойылады. шайба. Қысқы ашық ауада өткізуге қолайлы заттарды атау керек.*<br><br>***3. Қорытынды кезең***<br>*Тәрбиеші: Сиқырлы сандық бос, барлық тапсырмалар аяқталды. Жарайсыңдар, сендер жақсы жұмыс жасадыңдар, ал енді кімде қанша фишка бар екенін есептейік. (балалар фишкаларды санайды, Қар ханшайымы көп фишка жинағандарға медаль таратады).*<br>*Тәрбиеші: Ал енді қонағымызбен қоштасайық. Біз оны жаңа тапсырмалармен күтеміз. (балалар қоштасады).*<br><br>***Қазақ тілі*** | ***мадақтау.***<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>***Амандасу***<br>*Тиін балаларды қарсы алады.*<br>*Алақанды соқ-соқ,*<br>*Аяқпенен топ-топ.*<br>*Шынтақтардабүгіл ді,*<br>*Көздеріміз жұмылды.*<br>*Тиін, тиін, ұйықтама,*<br>*Бізбен бірге сен ойна.*<br>*Тізбекте бір-бірден қолдарына бүршік ұстап жүру.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы даму жаттығулары.***<br>***Б.қ.: «Тик-так»***<br>***1**. Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау.* | | *Әбдіразақов).*<br>*Балалар тыңдаған әннің мазмұны, көңіл күйі туралы әңгімелеуі керек.*<br>*Әннің әуенінен алған әсерлерін жеткізуін сұрау(көңілді, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды).*<br>***Дауыс жаттығулары:*** *«Аққу» (Сүгір). Әуенді асықпай, төменнен жоғары қарай әндету. Әуенді «га-га» буынында орындау. Дауысты ашық «а» дыбысында емес, дөңгелете айтуға жаттықтыру.*<br>***Ән айту:*** *«Жасыл шырша» (муз. К. Қуатбаев, сөзі К. Шалқаров). Балалармен ән жылдың қай мезгілінде орындалатыны туралы әңгімелесу. Балалар жыл мезгілдері, ондағы мерекелер, мерекеге байланысты* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *келеді».*<br>*Жүру және жүгіру, конустардың арасынан жыланша жүру – «жылан жорғалайды».*<br>*Шеңбер бойымен тұру.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Түлкіге арналған қолғап.***<br>*Б.қ.: аяқтар табан қашықтығына сәйкес.*<br>*1 – қолды алға созамыз, 2,3 – қолдың басын айналдырамыз, 4 – төмен түсіреміз. 4–5 рет.*<br>***Тиін інінде.***<br>*Б.қ. – бұрынғы. 1 – аяғының ұшымен көтеріледі, қолдарын жоғары көтереді,*<br>*2 – б.қ. 4–5 рет.* | ***Тақырыбы: «Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов.Сенің өмірің – сиқырлы әлем кітабынан»***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>*Топқа шар ұшып келу.*<br>***Дид ойын: «Көңілді сөз»***<br>***Шарты:*** *Шарды бір-біріне беріп көңілді сөздер айту.*<br>***ІІІ.Ой қозғау***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*Мнемо кестемен жұмыс.*<br>*Қыс мезгілі туралы түсіндіру.*<br>*-Қазір қандай мезгіл?*<br>*-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?*<br>*-Несімен ұнайды?*<br>*Қандай ойын түрлерін білесіңдер?*<br>***Сергіту сәті. «Боран»***<br>***Сергіту сәті.***<br>*Боран соғар оң жақтан,* | *(5 рет қайталау)*<br>***Б. Қ.: «Иықтың жүруі»***<br>***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /5 рет /*<br>***Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»***<br>***3.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу./6 рет /*<br>***Б.қ.: «Күнге жетемін»***<br>***4.****Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)*<br>***Қорытынды:***<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*Негізгі қимыл-қозғалыс. Ойын түрінде негізгі қимылдарды* | | *кейіпкерлер туралы пікірлерін жеткізеді.*<br>*Педагог әуенді орындап, балалар мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйренеді.*<br>***Музыкалық-ырғақты қозғалыс:***<br>*«Конькишілер вальсі» (муз. Ю. Слонов).*<br>*Музыка әуеніне қосылып, ырғақты ұстай отырып мәнерлі қимыл жасауға талпындыру.*<br>*Мұз үстінде қалықтап жүретін конькишілерге еліктеп сырғанай қимыл жасау.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы. «Ақсүйек»***<br>***Мақсаты: Баланы тапқырлыққа, ептілікке, қырағылыққа тәрбиелеу*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Құндыздар отын жаруда.*** *Б.қ.: аяқты иық бойымен қояды, саусақтарын айқастырып құлып жасайды, 1 – қолды бастан асыра жоғары көтереміз, 2 – алға қарай еңкейеміз – 4 рет.* ***Ал, кірпіде – саңырауқұлақ.*** *Б.қ.: аяқты табан қашықтығына сәйкес қойып тұру, қолдары төмен түсірілген. 1 – отырады, қолын еденге тірейді, 2 – тұрады, б.қ.,4 рет қайталау.* ***Қоянға арналған пималар.*** *Б.қ.: түрегеп тұрады, қолдарды белге қояды. Бір орында тұрып кезекпен секіреді, жүреді.* | *Боран соғар сол жақтан,<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Көңілді қыс.***<br>***Ш. Мұхамеджанов.***<br>*Өлең жолдарын мәнерл еп оқу мағынасын ашу.*<br>***Көңілді қыс.***<br>*Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта қар алап,<br>Іздерінен қар ұшып.<br>Сұрақ – жауап.<br>-Өлең жолдарында не туралы айтылған?<br>-Қыс мезгілін қалай суреттеген?*<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Шарты: қысқы киімдерді құрастыру.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Белбеу соқ»***<br>***Ойыншылар екі-екіден жұптасып*** | *орындау: «Саябақта»: Балаларды атын атап шақырады.*<br>***1.Түзу созылып жатқан жіптің үстімен жүру.*** *Тепе-теңдікті сақтау – қолдарын екі жаққа созады, денесін түзу ұстайды, аяқтарын тек жіптің үстінеқояды.*<br>*2.Еденде жатқан тақтайшада төрттағандап еңбектеу.*<br>*Нұсқау – тақтайша үстімен ғана еңбектеу, бір-біріне кедергі келтірмеу.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты шеңбер бойымен» –*** *допты бір-бірінің қолына ұстату.*<br><br>***Ұ.О Тақырыбы: «Белбеу соқ»***<br>***Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қимылдың негізгі түрлері:*<br>*1.Қолды белде ұстап, текшелерден аттап, соқпақпен (жолмен)жүру.*<br>*Түлкі келеді көпірмен,*<br>*Құйрығы оның бұлғаңдап.*<br>*Қолындағысын түсірмей*<br>*Серуендейді масайрап.*<br>***2.Сәкі үстінде төрттағандап еңбектеу.***<br>*Маймақ аяқ аюлар*<br>*Орманда жүр серуендеп.*<br>*Бөренеденолжылдам,*<br>*Ептілікпен аттады.*<br>*Қабырғасын ауыртпай Керіліп ол алды.*<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр».* | ***шеңбер жасап тұрады.***<br>***Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс.***<br>***Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады.*** | ***тұрады.***<br>***Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс.***<br>***Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады.*** | | |

<table>
<tr><td rowspan="2">Серуенге дайындық</td><td colspan="5">Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.<br>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</td></tr>
<tr><td>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</td><td>Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.</td><td>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.</td><td>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</td><td>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Серуен</td><td>Картотека № 1<br>Қарды бақылау</td><td>Картотека № 20<br>Боранды бақылау.</td><td>Картотека № 15<br>Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.</td><td>Картотека № 9<br>Қырауды бақылау.</td><td>Картотека № 14<br>Торғайды бақылау.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Қысқы серуен картотекасынан</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Серуеннен оралу</td><td colspan="5">«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</td></tr>
<tr><td>Киімдерін шешу:<br>Әр бала өз киімін орнына қоюға үйренеді.<br>Тазалық процедуралары:<br>Қолдарын жақсылап жууын қадағалау.<br>Гигиеналық шаралар:<br>Жуыну кезінде тыныш болуға тәрбиелеу.<br>Түскі асқа дайындық:</td><td>Киімдерін шешу:<br>Киімдерін шешіп, бір-бірінің заттарын алмауға үйрету.<br>Тазалық процедуралары:<br>Қолдарын сабындап жууға бағыттау.<br>Гигиеналық шаралар:<br>Сумен ойнамауды үйрету.<br>Түскі асқа</td><td>Киімдерін шешу:<br>Балаларды киімдерін ретімен шешуге дағдыландыру.<br>Тазалық процедуралары:<br>Қолдарын жуған соң сүлгісін қолдану.<br>Гигиеналық шаралар:<br>Жуыну кезінде суды төкпеуді түсіндіру.<br>Түскі асқа дайындық:</td><td>Киімдерін шешу:<br>Киімдерін бүктеп, шкафқа қоюға үйрету.<br>Тазалық процедуралары:<br>Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін таза ұстау.<br>Гигиеналық шаралар:<br>Сумен ойнамай, тыныштық сақтау.<br>Түскі асқа дайындық:<br>Ас алдында қолдарын жууды талап ету.</td><td>Киімдерін шешу:<br>Әр бала өз киімін шешіп, жинақтап қоюға дағдыланады.<br>Тазалық процедуралары:<br>Қолдарын жақсылап жууды үйрету.<br>Гигиеналық шаралар:<br>Жуыну кезінде сабынды дұрыс пайдалану.<br>Түскі асқа дайындық:<br>Балаларды асханаға</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Ас алдында қолдарын жууын тексеру.* | ***дайындық:*** *Балаларды асханаға отырғызу.* | *Таза қолмен асханаға бару.* | | *дайындау.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз.* | ***Әңгіме:*** *– Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.* | ***Әңгіме:*** *– Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.* | ***Әңгіме:*** *– Суды дұрыс пайдаланған адам табиғатты қорғайды. Жуынғанда немесе ыдыс жуғанда суды ағызып қоймай, тек қажетіне қолдануымыз керек.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су ішкенде асықпай жұтамыз, күліп сөйлеп ішпейміз. Бұл – қауіпсіздіктің бір шарты.* | ***Әңгіме:*** *– Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.* |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***№5.*** *Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.* | ***№6*** *Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* | ***№ №7.*** *Майтабанның алдын алу. Ояту* | ***№8*** *Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.* | ***№ 10.*** *Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Кел балалар тұрайық,<br>Қолымызды жоғары созайық.<br>Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап<br>Бір демалып алайық.* | *Тыныс алу жаттығулары<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Ести қалып сыбырды<br>Өсіп тұрған сәбізді<br>Жұлып алып иіскеді.* | *Көзімізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Терезеге қарап<br>Күн жылуын алайық.* | *Тыныс алу жаттығулары<br>Аю жүрді орманда<br>Қорбаң, қорбаң, қорбаңда<br>Көріп қалып жидекті<br>Жұлып алып иіскеді.* | *Мысықтар<br>Ояту<br>Ұйқыдан біз тұрамыз<br>Көзімізді ашамыз<br>Жан-жағымызға қарап<br>Достарымызға күлеміз.* |
| | ***Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.<br>«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.<br>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесін ас | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*** | | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Тамақ ішіп болған соң «Рахмет» айту – үлкенге құрмет, кішіге өнеге. Алғыс айту – әдептің көрінісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы адамдарға бөгет жасамаймыз. Үндемей отырып ас ішсек, барлығына ыңғайлы болады.* | ***Әңгіме:***<br>*– Асты ысырап етпей, аздап алып, тауысып жеу – жақсы әдет. Артық қалған тамақ төгілсе, ол – еңбекті бағаламау болып саналады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Тамақты асығып жұтпаймыз, жақсылап шайнаймыз. Бұл – ас қорытуға пайдалы әрі қауіпсіздік ережесі* | ***Әңгіме:***<br>*– Әдепті бала дастарқан басында тәртіп сақтайды, тамақты тыныш ішеді. Тамақ үстінде ойнамай, қасындағы адамдарға құрметпен қарайды.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолымыздағы қасық пен шанышқыны дұрыс ұстаймыз. Оларды сермеп, бір-бірімізге бағыттамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Тамақ ішкенде дұрыс отырып, тәртіп сақтайық. Үстелде қисайып отырсақ, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде қатты дауыстап сөйлемейміз. Бұл – өзімізге де, қасымыздағы балаларға да қауіпсіз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Әр тағам – еңбектің жемісі. Артық алып қалдырмай, тауысып жеу – еңбекті бағалау. Асқа құрметпен қараған бала – тәрбиелі бала.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас ішкенде орыннан тұрып кетпейміз, ойнап жүгірмейміз. Бұл – жарақаттың алдын алады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | ***Кел, тыңдайық ертегі. «Балапандар» ертегісі Мақсаты:*** *Ертегі желісіндегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз образын ажырата білу.* ***«Қонаққа барамыз»*** *Басбармақтың үйіне,<br>Келді бүгін қонақтар,<br>Бес саусағың біріксе,<br>Текке кетпес уақытың,<br>Барлық саусақ – тату дос,<br>Бір – біріңе көмектес.*<br><br>***Жол қауіпсіздігі «Қандай белгіні тап?» Міндеттері:*** | ***Суретпен жұмыс. «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты:****Балаларды мамандық иелерімен таныстыра отырып, қызығушылығын арттыру* ***Саусаққа арналған жаттығу:*** *Бала,бала,балапан,<br>Қане,қайсы алақан,<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат,<br>Бала,бала,балапан,<br>Қане,қайсы,алақан,<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай-былай ойнат* ***. Қауіпсіздік ережесі «Жедел жәрдем» Мақсаты. Қажет болса, балаларды жедел медициналық көмекке 03-те қоңырау шалуға үйретіңіз*** | ***Дидактикалық ойын*** *«Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Балалар жыл мезгілдерін жылдам табады, атайды және сипаттайды.*<br><br>***Дид ойын: «Мүсіншілер»*** *Мақсаты: Балалар пішіндерден өз ойымен әр түрлі затты құрастыра алады.* ***Өрт қауіпсіздігі «Викториналық карточка» Мақсаты: Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін бекіту. Есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.*** | ***«Біздің шаңырақ» Е.Өтетілеуов*** *Атамнан басталар<br>Әжеммен қосталар<br>Отбасым мынылар:<br>Ең жақын адамдар<br>Әкем мен анам бар<br>Бір туған ағам бар<br>Бір туған апам бар...<br>Бәрін жақсы көремін<br>Еркелеймін еремін!*<br><br>***Дене тәрбиесі Кіріспе бөлім. Амандасу*** *Тиін балаларды қарсы алады.<br>Алақанды соқ-соқ,<br>Аяқпенен топ-топ.<br>Шынтақтардабүгілді,<br>Көздеріміз жұмылды.<br>Тиін, тиін, ұйықтама,<br>Бізбен бірге сен ойна.<br>Тізбекте бір-бірден қолдарына бүршік ұстап жүру.* ***Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары. Б.қ.: «Тик-так» 1****. Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға* | ***«Жүргізушілер. сюжетті рөлді ойын Мақсаты:****Транспорт шылардың, автоинспектор қызметкерлерінің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу* ***Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»*** *Бақыт деген, шырағым<br>Мынау әсем тұрағың.<br>Ну ормандар, гүл бағы,<br>Күннің күліп тұрғаны<br>БАҚЫТ- дәні даланың.<br>«Ботам» деуіәженің,<br>Тыныштығыәлемнің.*<br><br>***«Аспан әлемі» (Бағдарлама)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Балаларға жол белгілерін ажырата білуге үйрету, балалардың жол ережелері туралы білімдерін бекіту; алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше пайдалану қабілеттерін дамыту*** | | | *қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (5 рет қайталау)*<br>***Б. Қ.: «Иықтың жүруі»***<br>***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /5 рет /*<br>***Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»***<br>***3.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу./6 рет /*<br>***Б.қ.: «Күнге жетемін»***<br>***4.****Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)*<br>***Қорытынды:***<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Негізгі қимыл- қозғалыс. Ойын түрінде негізгі қимылдарды орындау: «Саябақта»: Балаларды атын атап шақырады.*<br>***1.Түзу созылып жатқан*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ***жіптің үстімен жүру.*** *Тепе-теңдікті сақтау – қолдарын екі жаққа созады, денесін түзу ұстайды, аяқтарын тек жіптің үстінеқояды.* *2.Еденде жатқан тақтайшада төрттағандап еңбектеу. Нұсқау – тақтайша үстімен ғана еңбектеу, бір-біріне кедергі келтірмеу.* ***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты шеңбер бойымен» –*** *допты бір-бірінің қолына ұстату.* | |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Тақырыбы: «Жақсы тілектер»*** ***Мақсаты:*** *Позитивті ойлау қалыптастыру.* ***Шарты:*** *Бала тәрбиешіге немесе қуыршаққа тілек айтады («Саған денсаулық тілеймін»).* | ***Тақырыбы: «Тыныштық орманы»*** ***Мақсаты:*** *Релаксация, тыныштандыру.* ***Шарты:*** *Бала көзін жұмып, тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды: «Сен орманда жүрсің, құстар сайрап тұр…».* | ***Тақырыбы: «Сиқырлы қимылдар»*** ***Мақсаты:*** *Есте сақтау мен еліктеу қабілетін дамыту.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші үш қимылды көрсетеді (шапалақтау, қол көтеру, секіру). Бала ретімен қайталайды.* | ***Тақырыбы: «Жақсы іс себеті»*** ***Мақсаты:*** *Ізгілікке тәрбиелеу.* ***Шарты:*** *Себетке қағазға жазылған жақсы істер салынады («Көмектесу», «Ойыншықты жинау»). Бала біреуін алып, айтып береді.* | ***Тақырыбы: «Көңіл-күй қимылдары»*** ***Мақсаты:*** *Эмоцияны қимылмен жеткізу.* ***Шарты:*** *Тәрбиеші: «Қуанышты бала қалай жүреді?», «Ренжіген бала қалай жүреді?» дейді. Бала қимылмен көрсетеді.* |
| Серуенге дайындық | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.*** ***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* |
| Серуен | ***Картотека № 1***<br>*Қарды бақылау* | ***Картотека № 20***<br>*Боранды бақылау.* | ***Картотека № 15***<br>*Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.* | ***Картотека № 9***<br>*Қырауды бақылау.* | ***Картотека № 14***<br>*Торғайды бақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | | | |
| | ***Киімдерін шешу:***<br>*Әр бала өз киімін орнына қоюға үйренеді.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап жууын қадағалау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде тыныш болуға тәрбиелеу.*<br>***Түскі асқа*** | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін шешіп, бір-бірінің заттарын алмауға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жууға бағыттау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен ойнамауды үйрету.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды асханаға отырғызу.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Балаларды киімдерін ретімен шешуге дағдыландыру.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жуған соң сүлгісін қолдану.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде суды төкпеуді түсіндіру.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Таза қолмен асханаға бару.* | ***Киімдерін шешу:***<br>*Киімдерін бүктеп, шкафқа қоюға үйрету.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін таза ұстау.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Сумен ойнамай, тыныштық сақтау.*<br>***Түскі асқа*** | ***Киімдерін шешу:***<br>*Әр бала өз киімін шешіп, жинақтап қоюға дағдыланады.*<br>***Тазалық процедуралары:***<br>*Қолдарын жақсылап жууды үйрету.*<br>***Гигиеналық шаралар:***<br>*Жуыну кезінде сабынды дұрыс пайдалану.*<br>***Түскі асқа дайындық:***<br>*Балаларды асханаға дайындау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***дайындық:***<br>*Ас алдында қолдарын жууын тексеру.* | | | ***дайындық:***<br>*Ас алдында қолдарын жууды талап ету.* | |
| Кешкі ас | *Үнемді тұтыну- «Суды,тамақты,энергияны, үнемді тұтыну»*<br>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті | Балалардың таңдау бойынша ышығармашылық іс-шаралар: сурет салу, мүсіндеу, оригами, қысқы көрініс коллажы. | Құрылыс және құрастыру ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр» | Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар | Еңбек әрекеті<br>Жууға болатын ойыншықтарды жуу.<br>Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру | Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау |
| Балалардың үйге қайтуы | *Өнегелі-15 минут. Ата-анамен баланың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.* | | | | |
| | *Бүгін балалар «Жыл мезгілдері» суреттерін қарап, айырмашылықтарын атады.*<br>*Ойлауын дамытуға тырысты.*<br>*Үйде суреттерді пайдаланып, «Қай мезгіл?» ойынын ойнаңыз.* | *Бүгін балалар әртүрлі жануарлардың іздерін салыстырды.*<br>*Қызығушылық танытып, зерттеуге талпынды.*<br>*Үйде жануарлардың ізін қағазға салып көрсетуге болады.* | *Бүгін балалар ән тыңдап, шапалақпен ырғақ соқты.*<br>*Музыкалық есту қабілетін дамытты.*<br>*Үйде қарапайым ырғақ ойынын ойнаңыз.* | *Бүгін балалар «Жасырынған затты тап» ойынын ойнады.*<br>*Зейінін дамытты.*<br>*Үйде ойыншық жасырып, «қайда?» деп сұраңыз.* | *Бүгін балалар қимылды жаттығулар жасады (еңбектеу, секіру).*<br>*Қозғалыс белсенділігін көрсетті.*<br>*Үйде бірге шағын жаттығулар жасаңыз.* |

Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айының 5-аптасы**

**Топ:** Орта топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Қандай кезеңге жасалды :** 29.12 – 31.12.2024ж
***Апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»***

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі |
|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | ***Күй әуені – ата-баба аманатына құрмет көрсетуге үйрету. «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындау*** | ***Күй күмбірі – жүрекке ізгілік нұрын себу.*** | ***Күй күмбірі – баланы ұлттық құндылыққа жақындатып, өзінің қазақы болмысын мақтан тұтуға тәрбиелеу.*** |
| | *Баланы сабырлы үнмен қарсы алу. «Сәлеметсің бе?» деп жауап беруге бағыттау. Ойын бұрышына шақыру. Баланың мінез-құлқын бақылау.* | *Баланы есікте қарсы алып, есімін атау. Қуанышпен қол бұлғауға үйрету. Жұмсақ ойыншықпен ойнауға шақыру.* | *Баланың мінез-құлқы мен көңіл-күйіндегі өзгерістерге назар аудару; Ата-анадан кешегі жағдайы туралы қысқаша сұрау (мазасыздық, ұйқы, тәбет); Қажет болса, психологтың бақылауына жіберу немесе кеңес алу.* |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | ***Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*** | | |
| | ***Әңгіме:*** *Қамқорлық – сүйіспеншіліктің белгісі. Қамқор бала айналасына жанашыр болады.* ***Кеңес:*** *Балаңызды жануарларды аялауға, досына қамқорлық жасауға үйретіңіз.* | ***Әңгіме:*** *Ынтымақ – достық пен бірліктің кепілі. Ынтымақ бар жерде татулық болады.* ***Кеңес:*** *Балаңызды достарымен тату ойнауға, ренжіспеуге үйретіңіз.* | *Еңбек – баланы жауапкершілікке тәрбиелейтіні жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Үй шаруасына аз да болса көмектесуге мүмкіндік беріңіз.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, | ***Картотека № 4 «Затты сипаттау»*** | ***Картотека № 7 «Табиғат құбылыстарын ата»*** | ***Картотека № 19 Дид ойын: «Қысқы тіршілік»*** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| коммуникатив<br>тік, шығарма<br>шылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейне<br>леу, дербес және басқалары) | ***Мақсаты:*** *Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың, сөздік қорын байыту.* | *Мақсаты: қар мен жаңбырды ажырата білу,<br>табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін<br>бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.* | *Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын атап, оларды ажырата біледі.* |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Желтоқсан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Желтоқсан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | |
| Таңғы ас | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Суды да, тамақты да үнемдесек, ол жауапкершілігімізді көрсетеді.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Жауапты бала өзін де, басқаны да ойлайды.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Су төгілсе сүртіп аламыз, еденге қарап жүреміз, жүгірмейміз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана алайық. Қалғанын ысырап етуге болмайды.*<br>***Психологиялық тәрбие:***<br>*– Ұқыпты бала өзін-өзі жинақы ұстайды, тәртіпке үйренеді.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Қолымызды созып, басқаның ыдысына салмаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты дұрыс пайдалансақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ас үстінде жан-жағымызға алаңдамаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтуды ұмытпаймыз* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында, тілдік мәдениетті дамыту.*** | | |
| | ***«Смарт бала» жобасы***<br>***Ойын: «Артық затты тап»***<br>*Тәрбиеші: «Алма, алмұрт, қарбыз, қасық».* | ***«Ұшқыр ой алаңы» жобасы***<br>***Ойын: «Сөйлемді аяқта»***<br>*Тәрбиеші: «Гүл ...»*<br>*Балалар: «әдемі», «жарқырайды».* | *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*<br>***Ойын: «Еңбек – қуаныш»***<br>*Тәрбиеші: «Қане, біз кішкентай еңбекқормыз. Қолымызбен гүл егіп* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *Балалар: «Қасық – артық» дейді.*<br>*Мағынасы: ойлау қабілетін дамыту.* | *Тәрбиеші: «Досым ...»*<br>*Балалар: «жақсы», «көмектеседі».*<br>*Мағынасы: ойды толық айтуға үйрету.* | *көрейік (қимыл жасайды), оны суарайық, күтейік. Ал енді ол гүл жайнап өсті!»*<br>*Балалар гүлдің иісін сезгендей қимылдап: «Еңбек қуаныш әкеледі!» – дейді.*<br>***Мағынасы: адал еңбекке, еңбектің қадірін білуге үйрету.*** |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | ***«Біз табиғат қорғаушылармыз!» - экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында ұіә.*** | | |
| | ***Тосын сәт – балаларға аққала ойыншығы қонаққа келеді.***<br>***Аққала:*** *Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен орман ауылының аққаласымын. Мен жыл сайын қаншама жерге келсем де, осыншама керемет балаларды кездестірмедім. Сендердің сурет салғандарыңды, мүсіндегендеріңді, жапсырғандарыңды көріп таңғалдым. Сендердің нағыз өнер адамдары екендеріңді бірден түсіндім, сол үшін сендерге келдім. Біздің орман өте үлкен екенін білесіңдер ме? Және ол өте әдемі! Мен оның сұлулығына күн сайын ләззат аламын! Орманымның әр ағашы, әр үйі маған таныс! Әрқайсысы өзінше әдемі, және олар ертегідей ерекше! Мен бірден бүкіл орман үйлерінің* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Қуыршақ Айгүл келеді, амандасады.*<br>*Қуыршақ :* ***«Ақшақар мені сыртта ойнауға шақырды. Қыста далада қандай ойындар ойнайтынын білмеймін. Маған көмектесіңдерші балалар»***<br>***Ой дамыту***<br>***АКТ технология жұмыс.***<br>*Балалар суретке қараңдар. Қыс келіп, көп қар әкелді. Балалар серуендеуге шықты.*<br>***Дид ойын: «Суреттер сөйлейді» (суретттегі балаларға ат қою)***<br>*Марат шаңғыны алып, серуендеуге шықты.*<br>*-Айнұр қайда? (Міне Айнұр)*<br>*-Айнұр не мінеді? Ол шаңғы тебеді*<br>*- Қанат коньки алды.*<br>*- Қанат не тебеді?*<br>*Ол коньки тебеді*<br>*Самат шананы алып, төбеге қарай жүгірді.* | ***Тосын сәт***<br>*Ал бүгін мен сендерді ертегілер мен ғажайыптарға толы ертегідегі қысқы орманға серуендеуге шақырамын! Менімен саяхаттағыңыз келе ме? - Иә!!! Бірақ біз орманға қалай барамыз. Шанамен баруды ұсынамын. Жолға дайындалуды бастайық, қыста орманда суық, сондықтан жылырақ киіну керекпіз.*<br>***Дид ойын: «Санамақ сыры»***<br>***1-дегенім бөрік***<br>*Кисең бойға көрік.*<br>***2-дегенім етік***<br>*Киер сәнді етіп.*<br>***3-Дегенім ішік***<br>*Теріден тігер пішіп.*<br>***4-Дегенім тымақ***<br>*Қыста кисең жылы-ақ.*<br>***5-Дегенім байпақ***<br>*Іші жылы тайпақ.*<br>***Ой дамыту.*** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *суретін жасауды армандадым, бірақ қай жерде сурет салсам да, қалай суретке түсірсем де, менің барлық үйлерім бір суретке сыймайды. Мен бір суретшіден сұрайын деп ойладым, бірақ ең нағыз суретші де оны жасай алмайды деп шештім. Үндемей қалады.*<br>***Ой қозғау.***<br>***Балалар аққала көңілсіз болып қалды го.***<br>***Аққала сен неге көңілсіз болып қалдың?***<br>***Балалар, маған кім көмектесе алады?***<br>*Аққала, саған біздің балалар көмектеседі, солай ма? (Иә)*<br>*Біз бірінші сенің үлкен орманыңды құрастырамыз.*<br>***Аққаламен серігіп алайық***<br>*Боран соғар оң жақтан,*<br>*Боран соғар сол жақтан.*<br>*Қар атысып ойнасақ,*<br>*Су болады қолғаптар.*<br>***Топтық жұмыс.***<br>***Дид ойын: «Қысқы орман»***<br>***Шарты:*** *А3 форматта орман құрастыру.*<br>*Аққала: Керемет, енді біздің ауылды бейнелеу үшін көп үй салу керек. Оны қалай* | *- Самат неалды?*<br>*Ол шанаалды)*<br>*- Самат неміннеді? Ол шанаменсырғанайды.*<br>*- Ару серуендеуге, қарменойнауғашықты.*<br>*Ару қар шарын жасады.*<br>*Қуыршақ : «О, балалар, ол қарды қалай жасады?»*<br>*-Ал енді біз саған үйретеміз.*<br>***Қуыршаққа тақпақ айтып берейік.***<br>***Тақпақ.***<br>*Қар жауыпты далаға,*<br>*Қар жауыпты қалаға.*<br>*Сырғанаймыз енді біз,*<br>*Отырып ап шанаға.*<br><br>*Ойынқұмар көп бала,*<br>*Шұрқырасып топтала,*<br>*Аппақ қардан жасаймыз,*<br>*Әп-әдемі аққала*<br>***Шығармашылық бұрыш.***<br>***Дид ойын: «Қар адам»***<br>***Шарты: Ермексаздан домалақтар аққала мүсінін жасау.***<br>***Аққала неше бөліктен тұрады?***<br>***Пішіні қандай?***<br>***Түсі қандай, неліктен ақ?***<br>*- Қараңдаршы, балалар, тіпті балалар қардан аққала жасады.*<br>*-Ақшақардыңбасында не бар? (Ақшақардыңбасындашелек бар)* | *Балалар, біз енді залда емеспіз, сиқырлы орманға кірдік, айнала тыныштық. Балалар, сендер шалғында не көріп тұрсыңдар? - шыршалар. Олар қандай?- Үлпілдек, жасыл, үлкен және кіші. Қанша? Олар қандай түсті? Балалар, біз ертегі орманындамыз, дәл осы жерде көптеген кереметтер орын алады!*<br>*Балалар, енді бастарыңды көтеріңдер, не көріп тұрсыңдар? Бұлт. Жоғарыда қандай үлкен бұлт бар. Ал қыста бұлттан не түсуі мүмкін деп ойлайсыңдар? - Қар.*<br>*Ол қандай?- Ақ, үлпілдек, жеңіл, өрнекті.*<br>*Ой, балалар, қараңдаршы, шыршаның астына қанша қар жауған! Балалар шыршаға жақындайды, педагог бір шелек қар шығарады. Балалар қарды алақандарына алады. Оның не екенін көрейік?*<br>*– Ақ, жеңіл, жұмсақ. Ал қардан не жасауға болады?*<br>*- Одан мүсіндеуге болады. аққала.*<br>*Енді қарды жұдырығыңа қыс, не болды?- Су ағып жатыр, суықты* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *жасайсыңдар?*<br>*Аққала егер біздің балалар бәрі бір үйден салса, онда барлық үйлерді қосса бір ауыл шығады*<br>***Аққала: Балалар, мен үйлердің қабырғаларын, шатырларын, терезелерін, есіктерін дайындап қойдым.*** *Кейбіреулері үлкен, ал басқалары кішкентай. Неліктен олардың өлшемдері әртүрлі деп ойлайсыз?*<br>*-кішкентайлар - ең ұзақ тұрған үйлер, ал үлкендер - өте жақын орналасқан үйлер.*<br>*Біреу үйге жақыннан қарағанды ұнатады, ал біреу алыстан тамсанғанды ұнатады.*<br>*Сендерге қандай үй ұнайды таңдаңдар.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, бізде тек төртбұрышты дайындамалар ғана бар. Бірақ үйлердің төбесі үшбұрыш болу керек.*<br>*Біз қалай әрекет етуіміз керек? (қиылған бұрыштар) (дайын шатырларды беру)*<br>*Балалар, бір төртбұрыштан 2 терезені қалай жасауға болады? (жартысынан бүктеп, кесу)*<br>*Жарайсыңдар балалар!* | *- Аққаладамұрынныңорнына не бар? (Ақшақардыңсәбізмұрны бар)*<br>*-Ақшақардыңқолында не бар? (Ақшақардыңқолындасыпырғыш бар)*<br>*Дид ойын: «Не жетіспейді?»*<br>*Балалар біздің аққалаға сонда не жетіспейді?*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***1-Топ:*** *Аққаланың бас киімін салу, бояу.*<br>***2-Топ:*** *Мұрын, сыпырғыш жапсыру.*<br>*Сергіту сәті. Музыкамен*<br>***Ой дамыту***<br>*Қыста не істегендіұнатамыз?*<br>*Қаройнау, шаңғы тебу.*<br>*Мұзда коньки тебу*<br>*Шанаментаудантөментүсу.*<br>***Дид ойын:«Кімнемен ойнайды?»***<br>***Шарты:*** *Сәйкес суреті бар* ***қысқы қызықтарға*** *арналған суреттерді құрастыру.*<br>*Қуыршаққа беру.*<br>*Қуыршақ : Рахмет балалар! Сен маған бәрін жақсы айттың, көрсеттің. Мені Аққала күтіп қалған шығар, көшеге қарай жүгіремін,*<br>*Сау болыңыздар.*<br>***Қортынды:***<br>*- Балалар, бізге кім келді?*<br>*- Қуыршаққа көмектестік пе?*<br>*-Жарайсыңдар балалар!* | *қолыңмен сезінесің, әрине, өйткені қыс суық, аязды жақсы көреді. Қолымыз жылы, сондықтан қар бірте-бірте ериді. Қандай суық қар, қолымызды кептіріп алайық.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Боран соғар оң жақтан.*<br>*Боран соғар сол жақтан,*<br>*Қар лақтырып ойнаймыз,*<br>*Су ағады қолғаптан.*<br>***Тіл ұстарту жаттығуы:***<br>*Ыс-ыс-ыс-келді қыс.*<br>*Ғы-ғы-ғы-шаңғы.*<br>*Ақ-ақ-ақ-аққала.*<br>*Қа-қа-қа-қар.*<br>*Ық-ық-ық-суық.*<br>***Біздің қайтатын уақытымыз келді.***<br>*Біздің келгенімізді жануарлар , құстар білсін, біз мына шыршаларды безендіріп кетейік.*<br>***Шығармашылық жұмыс.***<br>***Мына шыршалар қандай үлкен-кіші.***<br>*Үлкен шыршаның шамдарын бояп берейік.*<br>*Кішкентай шыршаға ойыншықтар жапсырып берейік*<br>*Енді балалар мен сиқырлы таяқшаны сермесем көзді ашып жұмғанша тобымызға жетеміз.* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ***Шығармашылық орталық.***<br>***Дид ойын: «Орман үйлері»***<br>*Аққаланың дайындап қойған пішіндерін ретімен жапсырып, ормандағы үйлерді шығарамыз. Үйлердің жанына ермексаздан ағаштар жасаймыз.*<br>***Жарайсыңдар!***<br>*Аққала: Балалар, біздің орманда қар біраз уақытқа дейін ерімейді, ол жерде де, шатырда да қар жатады. Үйлерімізге қарды қалай саламыз?*<br>*Ооо мен түсіндім! Менде ұнтақ жармасы бар. Қарға қатты ұқсайды! Біз онымен үйлердің төбесіне себеміз, бірақ алдымен қар құлап кетпеуі үшін оларды желіммен қалың жағуымыз керек.*<br>***Шығармашылық орталық.***<br>***Дид ойын: «Қарлы шатыр»***<br>***Шарты:*** *Жармамен үйдің шатырына қар суретін салу. Балалар жұмысты орындайды, үлкен үйлер алдыңғы қатарда, кішігірім үйлер артқы жағында (әр бала өз үйінің қайда екенін түсіндіруі керек)*<br>***Аққалаға тақпақ айтып берейік***<br>***Міне аппақ қар*** | ***Қазақ тілі***<br>***Тақырыбы: Менің Қазақстаным***<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.Өлең оқу***<br>***Ж. Тұрбеков. Туған елім.***<br>*Туған өлке – кең далам,*<br>*Мәңгілік бақыт орнаған.*<br>*Сайраңдаймыз саяңда*<br>*Ерікті ұлан – біз балаң.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз?*<br>***2.Ой дамыту***<br>*Меңгерілген білім дағдыларын естеріне түсіру.*<br>*–Біз қандай мемлекетте тұрамыз?*<br>*–Біздің Отанымыз не?*<br>*-ҚР рәміздерін ата ?*<br>*–Оларға сипаттама беру*<br>*–Астанамыз қалай аталады?*<br>***3.Ой қозғау.***<br>***Отан туралы тақпақ жаттау.***<br>***–Мағынасын түсіндіру.***<br>***Отан. Ж Әбдірашев.***<br>*«Отан - атам, Отан - әкем!»*<br>*Осы сөзім қате мекен?!*<br>*Қате болса, Неге біздер*<br>*Дейміз оны «Атамекен?!»*<br>***Дид ойын: «Туған жерді гүлдендір»***<br>*Шарты: Дайындалған карта бетіне гүлдер, жүрек суреттерін жақсы сөздер айтып жапсыру* | *Балабақшаға оралу.*<br>*Балалар сендерге саяхат ұнады ма?*<br>***Топтық жұмыс.***<br>***Дид ойын: «Қысқы пейжаз»***<br>***Шарты:*** *Қиылған суреттерден қыс көрінісін құрастыру*<br><br>***Денешынықтыру. Кіріспе бөлім.***<br>*-сапқа тұрғызу*<br>*-сәлемдесу*<br>*Колоннада бір-бірден жүру, тәрбиешінің сигналы бойынша баулар арқылы кезекпен оң және сол аяқпен, кідіріссіз жүгіру; тәрбиешінің сигналына: "Тоқта" - тоқтау Жаяу және жүгіру жаттығулары кезектеседі.*<br>***Негізгі бөлім.***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Б.қ.: «Көңілді сандар» ойыны***<br>**1.** *Аяқты алшақ қоямыз, қолдары белде, мұрнымен «1,2» сандарын жазу. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Маймақ қонжық»***<br>**2.** *Аяқты алшақ қоямыз, жұдырықты түйіп, қолды жанға қою. Оң және сол жаққа кезек қисаю. / 5-6 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Көңілді ұшақ»***<br>**3.** *Аяқты алшақ қоямыз,* |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Аяз боран бар<br>Төрлет қысым еліме<br>Ойнаймыз біз далада.<br>Аққала: Балалар, бізден қандай керемет сурет щықты! Үйде кереуеттің үстіне іліп қоямын, Жатар алдында сүйсінемін. Рахмет, балалар, сау болыңдар!<br><br>Дене тәрбиесі<br>Кіріспе бөлім. Амандасу.<br>Ойын гимнастикасы<br>Алақанды ашайық, Шапалақты соғайық. Шап-шап-шапалақ, Шап-шап-шапалақ.<br>Кәне, маған қара,<br>Бәрін бірдей қайтала. Бір-екі-үш, бір-екі-үш, Бәрін бірдей қайтала (барлық қимылды).<br>Оң аяқ, сол аяқ,<br>Қаз-қаз бастық біз аздап Топ-топ-топ, топ-топ-топ. Кәне қол, кәне аяқ?<br>Ойнайықшы біз аздап<br>(Қол-аяқпен еркін қимылдар жасалады). Бір-екі-үш,бір-екі-үш,<br>Ойнайықшы біз аздап.<br>Негізгі бөлім<br>Жалпы даму жаттығулары Таяқшамен<br>Б.қ.: «Мысық оянды »</td>
<td>Балаларды мадақтау.<br><br>Ұ.О «Ақсерек-көксерек»<br><br>Мақсаты: Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін<br><br>намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді.<br>Барысы: Балалар екі топқа бөлініп, араларын<br>жиырма қадамдай ашып, тізіліп, қол ұстасып тұрады</td>
<td>қолымызды жанға созамыз. 1-2 - оң қолды баяу жоғары көтереміз, 3-4 - сол қолды баяу жоғары көтереміз. /5-6 рет қайталау/<br>Б.қ.: «Құламалар»<br>4. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, оңға, солға иілу, қол бос қозғалады. /5-6 рет /<br>Б.қ.: «Үлкен- кіші»<br>5. Аяқты алшақ қоямыз, қолды жанымызда, отырамыз «кіші» деп айту, тұру «үлкен» деп айту. / 5-6 рет қайталау/<br>Б.қ.: «Оң-сол»<br>6. Орнында тұрып, қол белде, аяқты алдыға кезек серпіп секіру. Әр секірген сайын «оң-сол» деп айту. /15-20 секунд/<br>3 қатардан 1 қатарға шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру. Аяқтың ұшын алмастыра отырып жүру.<br>Тыныс алу жаттығулары: 1 – 2, 3 - 4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; 1 – 10 (16) есебінде дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады.<br>Негізгі қимыл –қозғалыс жаттығулары<br>1. 5 метр қашықтықтан тік нысанаға доп лақтыру.</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ***1.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу. әр керілген сайын «м-я-у» деп айту. /5 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Кілем қағу»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау «тук-тук-тук»-деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Шалтай-балтай»***<br>***3.*** *Аяқты алшақ қоямыз, таяқша төменде қолдарымен ұстау, оңға, солға бұрылу. / 5рет қай/*<br>***Б.қ.: «Дәл тигіз»***<br>***4.*** *Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Бүгілген оң аяқты көтеру, тізені таяқшаға тигізу. Арқаны түзу ұстау. Сол жақпен дәл солай қайталау. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Көңілді таяқша»***<br>***5.*** *Таяқшаны айналып секіру және жүру. /15-20 секунд/ Маршпен шеңбер бойы жүру. Еркін жүру.(таяқшаны үстел үстіне қою)* | | *Нұсқау – қолды алға-жоғары сермей отырып иық буыннан айналдыру.*<br>***2.»Көпір»*** *(ені 15 см), ортасында текше орналастырылған. Педагог "көпірден" кедергіден өтіп, әрі қарай жүруді ұсынады (2-3 рет).*<br>***Қим ойын: "Ұстаушы" (лентамен)***<br>*Тәрбиешінің сигналы бойынша жүргізушілер бағандардың алғашқы ойыншыларына доп лақтырады, ал оларды жүргізушілерге қайтарады және бағанның соңына қарай жүгіреді (бүкіл баған біртіндеп бастапқы сызыққа қарай жылжиды). Бағандағы бірінші ойыншы ойынды бастаған кезде, ол қолын көтереді команда жеңді. Ойын қайталанады*<br><br>***Ұ.О «Тақия тастамақ»***<br>***Мақсаты: Балаларды затты сезінуге***<br>***үйрету. Жан-жақты дамыту, шапшандыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.***<br>***Керек құрал: тақия***<br>***Барысы: Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шенбер*** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).***<br>*Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>*Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:*<br>***1.«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру****. Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екіаяқпенбірмезеттежігерленеитерілу.*<br>***2.«Аюлар» – тікебағыттатөртаяқтапеңбектеу.***<br>*Аюлар ойнап жүреді – «Аюлар!» деген команда берілгенде, орындарын ауыстырып, залдың қарсы жағына қарай еңбектейді.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балапандар».*** *Кішкентай балапанға айналуды ұсынады.* | | ***жасап отырады****.*<br>\ |
| Серуенге дайындық | ***Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.***<br>***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *шкафтарын таза ұстау және жинау* | | *үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека № 1 Қарды бақылау*** | ***Картотека № 20 Боранды бақылау.*** | ***Картотека № 14*** *Торғайды бақылау.* |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Қысқы серуен картотекасынан*** | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | |
| | ***Киімдерін шешу:*** *Балалар киімдерін ретімен шешіп, орындарына қоюды жалғастырады.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдану.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде шуламай, тәртіп сақтау.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Таза қолмен үстел басына жайғасу.* | ***Киімдерін шешу:*** *Балаларды киімдерін ретімен шешуге дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын жуған соң сүлгісін қолдану.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде суды төкпеуді түсіндіру.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Таза қолмен асханаға бару.* | *Балаларға өз киімдерін шешіп, ұқыпты жинап қоюды, қол жуғаннан кейін сүлгісін орнына қоюды үйрету.* ***Мақсаты:*** *еңбектің қадірін білуге, тәртіпке, адалдыққа тәрбиелеу* |
| Түскі ас | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну*** | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Тамақ ішіп болған соң «Рахмет» айту – үлкенге құрмет, кішіге өнеге. Алғыс айту – әдептің көрінісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы адамдарға бөгет жасамаймыз. Үндемей отырып ас ішсек, барлығына* | ***Әңгіме:*** *– Асты ысырап етпей, аздап алып, тауысып жеу – жақсы әдет. Артық қалған тамақ төгілсе, ол – еңбекті бағаламау болып саналады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Тамақты асығып жұтпаймыз, жақсылап шайнаймыз. Бұл – ас қорытуға пайдалы әрі қауіпсіздік ережесі* | ***Тақырып: Асқа құрмет*** ***Әңгіме:*** *– Ас үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Әр түйір ас – бағалы. Асқа құрмет – еңбекті бағалау.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, бір-бірімізге бағыттамаймыз.* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *ыңғайлы болады.* | | |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***№14. 1.Ояну***<br>*Бойымызды жазайық,*<br>*Қолымызды созайық.*<br>*Жаттығулар жасайық.*<br>*Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну***<br>*Көздеріңді ашыңдар,*<br>*Кірпіктеріңді көтеріңдер.*<br>*Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,*<br>*Бір - біріңе жымиыңдар* | ***Жаттығу кешені №9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық* |
| | ***Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.***<br>***«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.***<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | |
| Бесін ас | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*** | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Жуынғанда суды шамадан тыс ағызбаймыз. Қажетіне қарай қолдансақ – үнемді болғанымыз.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Су төгілсе, абайлап сүртеміз, тайып кетпеу үшін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішіп болған соң «Рахмет» деп айту – әдептіліктің белгісі.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Орындықтан абайлап тұрамыз.* | ***Нанның қасиеті***<br>*Әңгіме: – Нан – дастарқанның берекесі. Нанды аяқ асты етпейміз.*<br>*Қауіпсіздік: – Нанды ауызға толтыра салмаймыз* |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | ***Сіріңке мен оттық – балаларға арналмаған!***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды от көзімен ойнамауға үйрету.*<br>***Әңгіме:***<br>*– Балалар, сендер білесіңдер ме, сіріңке кішкентай ғана таяқша сияқты көрінеді. Бірақ ол өте қауіпті. Неге дейсіңдер ме? Өйткені бір ғана сіріңкені жақсаң, ол үлкен өртке* | ***Газ және электр плиталары***<br>***Мақсаты:*** *Ас үйдегі қауіп көздерімен таныстыру.*<br>***Әңгіме:***<br>*– Анаңыз тамақ дайындағанда газ немесе электр плитасын қолданады. Егер ол дұрыс өшірілмесе – газ шығып, өрт немесе улану болуы мүмкін.*<br>***Сұрақтар:*** | ***Теледидар мен электр құралдары***<br>***Мақсаты:*** *Электр құрылғыларынан туатын қауіптер туралы айту.*<br>***Әңгіме:***<br>*– Егер теледидарды күні бойы қосулы қалдырсақ, ол қызып кетуі мүмкін. Ал қызыған электр құралдары өрт шығарады.* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *айналуы мүмкін.*<br>*От – бізге керек. Онымен тамақ пісіреді, шам жағады, жылытады. Бірақ оны тек үлкендер ғана қолдана алады. Ал балаларға сіріңке мен оттықпен ойнауға болмайды.*<br>*Егер сендер сіріңке тауып алсаңдар, бірден әке-шешелеріңе, әжелеріңе немесе тәрбиешіге беру керек. Өйткені ол – қауіпті зат.*<br>***Сұрақтар:***<br>*Сіріңке мен оттықты не үшін қолданады?*<br>*Балалар олармен ойнай ала ма?*<br>*Егер сіріңке тауып алсаң, не істеу керек?*<br>*– Сіріңке кішкентай болса да, өте қауіпті. Бір ғана ұшқын – үлкен өртке себеп болуы мүмкін.*<br>***«Қауіпсіздік ережесі»***<br>***«Мен үйдемін» көрініс***<br>***Жүргізілу барысы:***<br>***- Таңертең ертесімен анасы дәріханаға кетіп бара жатып, кішкентай қызына: «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, тентек болма»- деп тапсырады.*** | *– Ас үйде ойнауға бола ма?*<br>*– Плитаны өзіңе қосуға бола ма?*<br>*– Тамақ дайындап болған соң не істеу керек?*<br>***«Өрт қауіпсіздігі»***<br>***«Жанғыш заттар»***<br>***Мақсаты. Балаларды қауіпті заттардың арасынан жиі өрт тудыратын заттарды табуға үйретіңіз. Логикалық ойлауды дамыту****.* | *Сондықтан үлкендер оларды уақытында өшіру керек.*<br>***Сұрақтар:***<br>*– Электр құралдарын өз бетіңмен қосуға бола ма?*<br>*– Егер сым жарылып жатса не істеу керек?*<br>*– Өрт шықса кімге хабарлаймыз?*<br>***«Жол қауіпсіздігі»***<br>***«Ұлы серуен»***<br>***Мақсаты: Балаларды автокөлік жүргізушісіне қажетті жол белгілерімен таныстыру.*** |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Тақырыбы: «Сиқырлы орындық»***<br>***Мақсаты:*** *Өзін-өзі бағалауды арттыру.*<br>***Шарты:*** *Бала орындыққа отырады. Тәрбиеші оған мақтау сөз айтады* | ***Тақырыбы: «Сиқырлы қимылдар»***<br>***Мақсаты:*** *Есте сақтау мен еліктеу қабілетін дамыту.*<br>***Шарты:*** *Тәрбиеші үш қимылды* | ***Дид ойын.***<br>***«Аңдарды табайық»***<br>***Мақсаты:*** *Суреттегі жануарларды ажыратуға үйрету.* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *(«Сен суретті әдемі саласың»). Бала да өзін мақтайды («Мен мейірімдімін»).* | *көрсетеді (шапалақтау, қол көтеру, секіру). Бала ретімен қайталайды.* | |
| Серуенге дайындық | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.*** <br> ***Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* | *Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары.* <br> *Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* <br> *Балалардың бір-біріне көмектесуіне жағдай жасау.* <br> *Киімдерінің ұқыпты болуын бақылау.* <br> *Топтан бөлінбеу ережесін түсіндіру.* |
| Серуен | ***Картотека № 1*** <br> ***Қарды бақылау*** | ***Картотека № 20*** <br> ***Боранды бақылау.*** | ***Картотека № 14*** <br> *Торғайды бақылау.* |
| | ***Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.*** | | |
| Серуеннен оралу | ***«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*** | | |
| | ***Киімдерін шешу:*** <br> *Балалар киімдерін ретімен шешіп, орындарына қоюды жалғастырады.* <br> ***Тазалық процедуралары:*** <br> *Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдану.* <br> ***Гигиеналық шаралар:*** <br> *Жуыну кезінде шуламай, тәртіп сақтау.* | ***Киімдерін шешу:*** <br> *Балаларды киімдерін ретімен шешуге дағдыландыру.* <br> ***Тазалық процедуралары:*** <br> *Қолдарын жуған соң сүлгісін қолдану.* <br> ***Гигиеналық шаралар:*** <br> *Жуыну кезінде суды төкпеуді түсіндіру.* <br> ***Түскі асқа дайындық:*** <br> *Таза қолмен асханаға бару.* | *Балаларға өз киімдерін шешіп, ұқыпты жинап қоюды, қол жуғаннан кейін сүлгісін орнына қоюды үйрету.* <br> ***Мақсаты:*** *еңбектің қадірін білуге, тәртіпке, адалдыққа тәрбиелеу* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ***Түскі асқа дайындық:***<br>*Таза қолмен үстел басына жайғасу.* | | |
| Кешкі ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | |
| Балалардың дербес әрекеттері | Еңбек әрекеті<br>Жууға болатын ойыншықтарды жуу.<br>Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | |
| | *Бүгін балалар бір-біріне жақсы сөздер айтты. Мейірімділікке, достыққа үйренді. Үйде «жақсы сөз айт» ойынын ойнауға кеңес береміз.* | *Бүгін балалар ән тыңдап, шапалақпен ырғақ соқты. Музыкалық есту қабілетін дамытты. Үйде қарапайым ырғақ ойынын ойнаңыз.* | *Бүгін балалар ән айтып, би қимылдарын жасап көңіл көтерді. Өз өнерлерін көрсетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Үйде балаңызбен бірге ән тыңдап, қарапайым би қимылдарын қайталау пайдалы болады.* |